

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУГЕ АРНАЛҒАН ҰЛТТЫҚ БІЛІКТІЛІК
ШЕҢБЕРІНІҢ ЕУРОПАЛЫҚ ЖОҒАРЫ БІЛІМ КЕҢІСТІГІНІҢ БІЛІКТІЛІК
ШЕҢБЕРІМЕН ӨЗІН-ӨЗІ СЕРТИФИКАТТАУЫ ЖӨНІНДЕГІ**

ЕСЕП

Нұр-Сұлтан, 2020

Мазмұны

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАРДЫҢ ТІЗІМІ.....	4
Глоссарий.....	6
Аңдатпа.....	9
Кіріспе.....	11
1. Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесі.....	14
1.1 Жоғары білім берудің жаңа жүйесі қалыптасуының негізгі кезеңдері	14
Қазақстан ЖОО студенттері контингентінің динамикасы 1-кестеде көрсетілген.....	166
1.2 Жоғары оқу орындарының түрлері	188
1.3 Қазақстандағы жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім берудің үш деңгейлі моделі.....	200
1.3.1 Бірінші цикл бағдарламалары (бакалавриат)	200
1.3.2 Екінші цикл бағдарламалары (магистратура, резидентура).....	22
1.3.3 Үшінші цикл бағдарламалары (докторантура).....	244
1.4 Қазақстандағы сапаны қамтамасыз ету жүйесі	255
2. Ұлттық біліктілік жүйесінің дамуы	288
2.1. Жоғары білім берудің ұлттық біліктілік шеңбері бойынша жұмыстың барысы	322
2.2 ҰБШ-ны әзірлеу кезеңдері	333
2.3 ЖБ ҰБШ-ның ЕЖБК БШ-мен өзін-өзі сертификаттауы	377
3. ЖБ ҰБШ мен ЕЖБК БШ дескрипторларын салыстыру	388
4. Жоғары білім берудің ұлттық біліктілік шеңберінің талдауы: ЕЖБК Біліктілік шеңберімен өзін-өзі сертификаттаудың өлшемшарттары мен рәсімдерін орындау	433
4.1 ЖБ ҰБШ-ны ЕЖБК Біліктілік шеңберімен келісуге арналған өлшемшарттар	433
4.2 Ұлттық біліктілік шеңберінің ЕЖБК Біліктілік шеңберімен келісімділігін тексеру рәсімдері	47
<i>1-қосымша. азақстан Республикасының Жоғары білім берудің ұлттық біліктілік шеңбері (ЖБ ҰБШ)</i>	<i>500</i>
<i>2-қосымша. Дескрипторларды циклдар бойынша салыстыру.....</i>	<i>533</i>
<i>3-қосымша. Жоғары білім берудің ұлттық біліктілік шеңберін әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамы.....</i>	<i>555</i>
<i>4-қосымша. «Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша бірінші циклды оқыту нәтижелерінің мысалдары.....</i>	<i>577</i>
<i>5-қосымша. «Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша екінші циклды оқыту нәтижелерінің мысалдары.....</i>	<i>600</i>
<i>6-қосымша. «Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша үшінші циклды оқыту нәтижелерінің мысалдары.....</i>	<i>633</i>
<i>7-қосымша. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің растауы.....</i>	<i>655</i>
<i>8-қосымша. Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттіктің мақұлдауы.....</i>	<i>666</i>
<i>9-қосымша. Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің мақұлдауы.....</i>	<i>677</i>
<i>10-қосымша. Халықаралық сарапшы – Латвияның Академиялық ақпараттық орталығының директоры Байба Раминаның қорытындысы</i>	<i>68</i>

<i>11-қосымша. Халықаралық сарапшы – Арменияның Сапаны қамтамасыз ету орталығының PhD басшысы Вараздат Ованнисянның қорытындысы</i>	71
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	74

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

ҚР	Қазақстан Республикасы
БХСЖ	Білімнің халықаралық стандартты жіктемесі
ЕЖБК БШ	Еуропалық жоғары білім кеңістігінің біліктілік шеңбері
QF ENEA	
ЕБШ	Еуропалық біліктілік шеңбері
МЖМБС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты
ЖБРС ҰК	Жоғары білімді реформалау жөніндегі сарапшылардың ұлттық командасы
ЕХӘҚМ	Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
EQAR	Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі агенттіктердің еуропалық тізілімі
ENQA	Жоғары білімде сапаны қамтамасыз ету еуропалық қауымдастығы
ECTS	Еуропалық аудару және кредиттер жинау жүйесі
ESG	Сапаны қамтамасыз ету саласындағы еуропалық стандарттар мен ұсынымдар
ЕЖБК	Еуропалық жоғары білім кеңістігі
ЕНЕА	
ENIC-NARIC	Тану жөніндегі ақпараттық агенттіктер желісі
BFUG	Болон процесі жөніндегі бақылау тобы
ҰБЖ	Ұлттық біліктілік жүйесі
ҰБШ	Ұлттық біліктілік шеңбері
ЖБ ҰБШ	Жоғары білім берудің ұлттық біліктілік шеңбері
СБШ	Салалық біліктілік шеңбері
КС	Кәсіби стандарт
БҒД МБ	Білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы
ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
“Атамекен”	«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ҰКП	
БСҚТА	Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі
АРТА	Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі
KAZSEE	Қазақстанның инженерлік білім беру қауымдастығы
ARQA	Аккредиттеу және білім беру сапасын сараптау жөніндегі тәуелсіз агенттік

ECAQA	«Білім беруді және денсаулық сақтауды сапамен қамтамасыз ету және аккредиттеудің еуразиялық орталығы» коммерциялық емес мекемесі, (ECAQA)
ACBSP	Бизнес-мектептер мен бағдарламаларды аккредиттеу жөніндегі кеңес
MusiQuE	Music Quality Enhancement
ASIIN	Инженерлік ғылымдар, информатика, жаратылыстану ғылымдары бойынша білім беру бағдарламаларын аккредиттеу агенттігі
ACQUIN	Аккредиттеу, сертификаттау және сапаны бақылау институты
FIBAA	Бизнес-әкімшілендіру саласындағы бағдарламаларды халықаралық аккредиттеу қоры
ТЖКБ	Техникалық және кәсіптік білім
ББ	Білім беру бағдарламалары
PhD	Философия докторы
ОПҚ	Оқытушы-профессорлар құрамы
БП	Болон процессі
ҰБТ	Ұлттық бірыңғай тестілеу
БПЖАҰО	Болон процессі және академиялық ұтқырлық орталығы
АКТ	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
ЖББП	Жалпы білім беру пәндері
НП	Негізгі пәндер
БП	Бейінді пәндер
ЖАОК	Жаппай ашық онлайн курстар
ЭҚТЖС	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы
ҰКС	Ұлттық кәсіптер сыныптауышы
ҰБТ	Ұлттық біліктілік тесті
ҚР ҰС	Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышы

Глоссарий

1) біліктілік – әдетте, танылған (лицензияланған) білім беру бағдарламасы сәтті аяқталғаннан кейін оқудың белгілі бір нәтижелеріне қол жеткізілгендігін растайтын құзыретті орган берген кез-келген дәреже, диплом немесе басқа сертификат.

2) біліктілік деңгейі – қасына типтік біліктіліктер орнатылуы мүмкін бірқатар жалпы нәтижелер шеңберінде көрсетілген сатылы қадамдар (логикалық даму) сериясы;

3) дескрипторлар – білім алушылардың біліктіліктің әртүрлі деңгейіндегі жоғары білім беру бағдарламаларын аяқтағаннан кейін қол жеткізген оқытудың негізгі нәтижелерінің сипаттамасы.

4) ұлттық біліктілік жүйесі – еңбек нарығындағы мамандардың біліктілігіне сұраныс пен ұсынысты реттеуге, сондай-ақ білім беру салалары мен еңбек нарығының өзара іс-әрекеттесуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, қол жеткізілген біліктілікті бағалаудың қағидаттары, тетіктері мен өлшемшарттарының бірыңғай жүйесімен біріктірілген құжаттар жиынтығы (ҚР ҰС (20-бетті қараңыз), ҰБШ, БСШ, КС);

5) ұлттық біліктілік шеңбері – оқыту нәтижелеріне негізделген біліктіліктің бірыңғай сипаттамасы, деңгейлер дескрипторларының анықтамасы және сол арқылы жоғары білім берудегі барлық біліктіліктер мен басқа жетістіктер сипатталуы және бір-бірімен келісімді түрде байланысуы мүмкін және жоғары білім берудегі біліктіліктер арасындағы байланыс анықталады;

6) халықаралық біліктілік – ресми түрде құрылған халықаралық орган (қауымдастық, ұйым, сектор немесе компания) немесе бірнеше елде қолданылатын және халықаралық орган белгілеген стандарттарға сәйкес бағаланатын оқыту нәтижелерін қамтитын халықаралық органның атынан әрекет ететін ұлттық орган беретін біліктілік;

7) оқыту нәтижелері – білім алушы білетін, түсінетін және оқу процесі аяқталғаннан кейін жасай алатын нәрсенің сипаттамасы;

8) қабілет – бұл тұлғаның белгілі бір қызмет түрін ойдағыдай жүзеге асыруының шарты болып табылатын жеке қасиеті;

9) білім – жұмыс немесе оқу саласына қатысты фактілер, қағидаттар, теориялар мен практикалар жиынтығы ретінде ақпаратты меңгеру нәтижесі;

10) машықтар – міндеттерді орындау және проблемаларды шешу үшін білімді қолдану және ноу-хауды пайдалану қабілеті;

11) дағдылар – білім мен біліктерді бірнеше мәрте пайдалану барысында белгілі бір жұмысты тиімді орындаудың қалыптасқан қабілеттері;

12) жауапкершілік пен дербестік – білім алушының білімі мен дағдыларды өз бетінше және жауапкершілікпен қолдана білу қабілеті;

13) құзыреттілік – білім, дағдылар мен тәжірибелер негізінде кәсіби және жеке қарым-қатынас жағдайында жеке, әлеуметтік және/немесе әдіснамалық мәселелерді шешудің уақыт өте келе қалыптасқан қабілеті;

14) бейресми және информалды оқытуды валидациялау – құзыретті органның адамның бейресми және информалды оқу жағдайында белгілі бір білім беру стандартына сәйкес келетін оқыту нәтижелеріне қол жеткізгенін растау процесі. Растау процесі мыналарды болжайды: 1) әңгімелесу барысында оқытудың нақты нәтижелерін анықтау; 2) білім алушының жеке тәжірибесін көрсету мақсатында әңгімелесу нәтижелерін құжат арқылы ресімдеу; 3) осы тәжірибені ресми бағалау және 4) бағалау нәтижелерін сертификаттау. Растау процесінің нәтижелері бойынша жартылай немесе толық біліктілікті тағайындауға болады;

15) оқыту нәтижелерін ресми тану – құзыретті органның (i) біліктілік (куәліктер/сертификаттар, дипломдар немесе атақтар) беру; (ii) бейресми және информалды оқытуды валидациялау; (iii) сәйкестікті растау, кредиттерді беру немесе босату арқылы одан әрі оқу немесе жұмысқа орналасу мақсаттары үшін алынған оқу нәтижелеріне ресми мәртебе беру процесі;

16) академиялық кредит – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының (жүктемесінің) көлемін өлшеуге арналған біріздендірілген бірлік;

17) кредиттерді көшіру – бір контекстте кредиттер жинақтаған тұлғаларға оларды басқа контекстте бағалауға және тануға мүмкіндік беретін процесс;

18) салалық біліктілік шеңбері – нақты бір салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

19) бакалавриат – кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

20) жоғары арнаулы білім (специалитет) – кемінде 300 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша маманның біліктілігін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

21) магистратура – кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде меңгеру арқылы тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі;

22) докторантура – білім беру бағдарламалары кемінде 180 академиялық кредитті міндетті меңгеру арқылы тиісті бағыт бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогтік және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру;

23) резидентура – кемінде 140 академиялық кредитті міндетті түрде меңгеру арқылы өзіндік клиникалық практикаға жіберу үшін тиісті мамандық бойынша дәрігердің кәсіби біліктілігін алу немесе өзгерту мақсатын көздейтін жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру деңгейі.

Аңдатпа

Жоғары білім беруге арналған ұлттық біліктілік шеңберінің (бұдан әрі – ЖБ ҰБШ) өзін-өзі сертификаттау жөніндегі есебі Білім министрлігінің бұйрықтарымен (28.03.2013ж. № 111 бұйрық, 17.04.2019ж. № 152 бұйрық) құрылған екі ведомствоаралық Өзін-өзі сертификаттау жөніндегі жұмыс тобының қорытындысын қамтиды.

Соңғы жұмыс тобына Білім және ғылым министрлігінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, салалық қауымдастықтар мен жоғары оқу орындарының өкілдері кірді.

Бұл жұмыс тобы Еуропалық жоғары білім кеңістігіне арналған тұтас қамтитын біліктілік шеңберімен (ЕЖБК БШ) салыстыруға болатын Жоғары білім берудің жеке ұлттық біліктілік шеңберін жасады.

Өзін-өзі сертификаттау қазақстандық жоғары оқу орындары түлектерінің біліктілігін тануды қамтамасыз ету және олардың ел ішінде де, шетелде де бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында өткізіледі.

Осы есептің мақсаты – Болон процесіне қатысушы елдер мен басқа да мүдделі тараптарға мақсаты айқын реформалар процесіндегі Қазақстан Республикасындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі, оның білім беру саясатын айқындайтын Болон келісімінің негізгі қағидаттары мен бағдарламалық құжаттарына сәйкес құрылғандығын көрсету. Қазақстан Республикасының ЖБ ҰБШ мен ЕЖБК БШ үйлесімділігі мен салыстырмалылығы Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұлттық жүйесінің Болон процесімен сәтті үйлескендігін айғақтайды.

ЖБ ҰБШ Еуропалық жоғары оқу орындары жүйесіндегі жоғары білім беруді дамытудың жалпы стратегияларына, шеңберлері мен құралдарына сәйкес жасалған. Ол министрліктер мен ҚР жоғары білім беру жүйесі арасындағы, жұмыс берушілер мен жоғары оқу орындары арасындағы, жоғары оқу орындары мен азаматтар арасындағы белсенді ынтымақтастық пен серіктестікті қамтамасыз етуге арналған.

ЖБ ҰБШ-ны іске асыру мыналарға:

- Қазақстандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді интернационалдандыруға;

- өмір бойы әлеуметтік өлшем мен білім беруді дамыту қағидаттарының негізінде әлеуметтік интеграцияның мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

- заманауи еңбек нарығының қажеттіліктеріне сай келетін білім, дағды мен құзыреттіктер жүйесіндегі оқыту нәтижелерін сипаттау арқылы қазақстандық академиялық бағдарламалар мен біліктіліктердің халықаралық салыстырмалылығына қол жеткізуге;

- кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырыстың объективтілігін және оларды сапалы сертификаттауды қамтамасыз ететін салалық біліктілік шеңбері, кәсіби стандарттар, білім беру стандарттары және Қазақстан Республикасының білім беру бағдарламалары үшін бірыңғай әдіснамалық негізін құру арқылы білім беру қызметтері мен еңбек нарығының бірыңғай ұлттық кеңістігін қалыптастыруға;

- әр адамға болашақта табысты болуға мүмкіндік беру үшін университеттік және азаматтық құндылықтар негізінде азаматтардың барлық санатына білім беру қызметтерінің сапасын жақсартуға

- заманауи жалпыға танылған ғылыми-теориялық білімге негізделген, озық білім беру, соның ішінде цифрлық технологияларымен қамтамасыз етілген, жоғары оқу орындарымен, негізінен, әлеуетті тапсырыс берушілермен, жұмыс берушілермен, шетелдік серіктестермен бірлесіп іске асырылған академиялық икемді білім беру бағдарламаларының сапалық параметрлерін жақсартуға бағытталған.

Есеп аңдатпа мен 4 бөліктен тұрады.

Кіріспе

Азаматтардың еңбек және академиялық ұтқырлығының артуы 21 ғасырда жаһандық үрдіске айналды.

Азаматтардың еңбек нарығындағы ұтқырлығына жәрдемдесу және еуропалық жоғары білімнің бәсекеге қабілеттілігін күшейту, ұлттық жоғары білім беру жүйелерін үндестіру үшін 1999 жылы 29 елдің білім министрлері Болон процесіне бастамашылық жасады.

Әртүрлі елдерде алынған біліктіліктің салыстырмалылығын қамтамасыз ету мақсатында Еуропалық жоғары білім кеңістігінің тұтастай қамтитын біліктілік шеңбері (ЕЖБК БШ) жасалып, 2005 жылы Болон процесіне қатысушы елдердің білім министрлерінің конференциясында бекітілді.

Бұл шеңбер халықаралық ашықтықты нығайту және біліктіліктерді тану мақсатында Болон шеңберімен арақатынас арқылы әртүрлі ұлттық біліктілік шеңберлерін байланыстыру үшін жасалды.

ЕЖБК БШ-ның жоғары білім берудің барлық циклы білім алушылардың әртүрлі біліктілік деңгейдегі жоғары білім беру бағдарламаларын аяқтағаннан кейін қол жеткізген негізгі оқу нәтижелерін сипаттайтын Дублиндік дескрипторларға негізделген.

2007 жылы Лондонда өткен жоғары білім министрлерінің кездесуінде ұлттық біліктілік шеңберлері мен ЕЖБК БШ арасындағы байланыс елдердің жауапты органдары ұлттық шеңбер ЕЖБК БШ-ға сәйкес екендігін растайтын есептер ұсынуды білдіретін өзін-өзі сертификаттау рәсімі арқылы жүзеге асырылатындығы анықталды.

2012 жылы Қазақстанда 8 деңгейден тұратын және 2008 жылы қабылданған Еуропалық біліктілік шеңберіне ресми түрде сәйкес келетін Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) әзірленіп, бекітілді.

Оның өзін-өзі сертификаттау туралы есебін дайындау мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен (28.03.2013ж. № 111 бұйрық) ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды.

ЕЖБК БШ-мен салыстыру үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге сәйкес келетін ҰБШ-ның 6-8 деңгейлерінің дескрипторлары алынды. Дайындалған есеп жобасы бұл дескрипторлардың ЕЖБК БШ дескрипторларымен толық сәйкес келмейтіндігін көрсетті.

Шетелдік сарапшылар Ева Хмелецка (Польша) мен Волькер Гемлих (Германия) тиісті ескертулер жасады. Қос сарапшы да өз қорытындысында дескрипторлардың жеткілікті салыстырмалы болмауына назар аударған. Атап айтқанда, ҰБШ дескрипторлары еңбек іс-әрекетіне мән беретін болса, ал ЕЖБК БШ оқу процесін де қамтиды. Бұдан басқа, 5 және 6-деңгейдегі дескрипторлардың бірдей екендігіне назар аударылған.

2018 жылғы мамыр айында Парижде өткен министрлер конференциясында өзін-өзі сертификаттау мәселесі қайтадан өзекті болды. Үш негізгі міндеттемелердің бірі «ЕЖБК тұтас қамтитын біліктілік шеңберімен және ECTS-пен салыстырылатын бірінші және екінші циклдар дәрежелерімен сәйкес келетін үш деңгейлі жүйе» болды.

Өзін-өзі сертификаттау жөніндегі жаңа есепті дайындау үшін Білім және ғылым министрінің бұйрығымен (17.04.2019ж. № 152 бұйрық) ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды.

Құрамына БҒМ мен ЕХӘҚМ, «Атамекен» ҰКП, салалық қауымдастықтар мен ЖОО өкілдері кірген екінші жұмыс тобы белгіленген кемшіліктерді зерделей келе, оның ЕЖБК БШ-мен салыстырмалылығын ескере отырып, жоғары білім беруге арналған жеке біліктілік шеңберін әзірлеу туралы шешім қабылдады.

Бұл топ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейлеріне; бакалавриат, магистратура және докторантураға арналған дескрипторларды жаңадан жасады. Қысқа цикл қарастырылмады, өйткені Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына (7 маусым 1999 жылғы 7 маусымдағы) сәйкес ол жоғары білімге жатпайды. Бесінші деңгейдегі орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары орта (жалпы орта немесе кәсіптік-техникалық) білімі бар азаматтардың ішінен қолданбалы бакалаврларды даярлауға бағытталған. Орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының жеке модульдерін немесе пәндерін қоса отырып, білім беру модульдеріне кіріктірілген техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын оқуды қарастырады.

ЕЖБК БШ-мен салыстыру рәсімі белгіленген өлшемшарттар мен рәсімдерге сәйкес жүргізілді.

Талдау нәтижелері әзірленген ЖБ ҰБШ ЕЖБК БШ-мен корреляцияланады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Қорытындыны консультациялар процесіне қосылған барлық мүдделі тараптар да қолдады.

Өзін-өзі сертификаттаудың мақсаты мен рәсімі

Өзін-өзі сертификаттаудың өлшемшарттары мен рәсімдері

Өзін-өзі сертификаттау 2005 жылы Бергенде өткен білім министрлерінің кездесуінде ұсынылған Болон процесінің Біліктілік шеңбері жөніндегі жұмыс тобы әзірлеген рәсімдер мен өлшемшарттарға негізделген. Өлшемшарттар мен рәсімдер 2007 жылы Лондонда өткен жоғары білім министрлерінің кездесуінде қабылданды. Тізім Ұлттық біліктілік шеңбері мен Болон шеңберінің үйлесімділігін растауға

арналған жеті тексеру өлшемшартын және өзін-өзі сертификаттау процесіне басшылық жасауға арналған алты рәсімді қамтиды.

Өлшемшарттар

- Жоғары білім берудің ұлттық біліктілік шеңберін және оны дамытуға жауапты органды /органдарды жоғары білімге жауапты ұлттық министрлік айқындайды.
- Ұлттық құрылымдағы біліктіліктер мен Еуропалық құрылымдағы циклдардың біліктілік дескрипторлары арасында айқын және көрінеу байланыс бар.
- Ұлттық құрылым мен оның біліктіліктері оқыту нәтижелеріне айқын негізделген және біліктіліктер ECTS кредиттерімен немесе ECTS-мен үйлесімді жүйемен байланысты;
- Біліктіліктерді ұлттық құрылымға қосу рәсімдері ашық.
- Жоғары білім берудің сапасын қамтамасыз етудің ұлттық жүйесі ұлттық біліктілік құрылымымен байланысты және Берлин коммюникесінің ережелеріне және Болон процесі аясында министрлер қабылдаған барлық кейінгі коммюникелерге сәйкес келеді.
- Ұлттық құрылым мен оның Еуропалық құрылыммен байланысы Дипломға барлық қосымшаларда көрсетіледі.
- Ұлттық құрылымға қатысты отандық тараптардың міндеттері нақты айқындалған және жария етілген.

Өзін-өзі сертификаттаудың рәсімдері.

- Құзыретті ұлттық орган/органдар ұлттық құрылым мен Еуропалық құрылымның үйлесімділігін куәландырады.
- Өзін-өзі сертификаттау процесі Болон процесі аясында танылған сапаны қамтамасыз ету органдарының ресми растауын қамтуы керек.
- Өзін-өзі сертификаттау процесі халықаралық сарапшылардың қатысуымен өтуі керек.
- Өзін-өзі сертификаттауды растайтын деректер әрбір белгіленген өлшемшарт үшін ұсынылып, жария етілуі керек.
- ENIC және NARIC желілері өзін-өзі сертификаттау процесін аяқталғандығын растаған елдердің жалпыға қолжетімді тізімін жүргізеді [www.enic-naric.net].
- Өзін-өзі сертификаттау процесінің аяқталуы ұлттық құрылым мен Еуропалық құрылым арасындағы байланысты көрсету арқылы дипломға қосымшаларда белгіленуі керек.

1. Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесі

1.1 Жоғары білім берудің жаңа жүйесі қалыптасуының негізгі кезеңдері

1991 жылы Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы ұлттық білім беру жүйесінің алдына маңызды міндет қойды – отандық білім беру жүйесінің халықаралық білім кеңістігіне интеграциялануын күшейте отырып, әлемдік қоғамдастыққа ену. Осыған байланысты білім беру саласындағы мемлекеттік саясат қойылған міндет тұрғысынан білім беру жүйесін заңнамалық базасын, басқару мен қаржыландыруды реформалау бағытында жүргізілді.

Білім берудің жаңа ұлттық моделін қалыптастыру Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 1999 жылы 7 маусымдағы жаңа Заңының қабылдануымен басталды.

Осы Заңға сәйкес бұрыннан бар жоғары арнаулы біліммен қатар жоғары кәсіптік білім беру құрылымына жоғары базалық білім (бакалавриат) және жоғары ғылыми-педагогикалық білім (магистратура) енгізілді. Бакалавриат бағдарламаларын іске асыру төрт жыл бойы жүзеге асырылады және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен адамдарға тиісті біліктілік пен «бакалавр» академиялық дәрежесін берумен аяқталады. Жоғары ғылыми-педагогикалық білім қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен адамға біліктілік пен «магистр» академиялық дәрежесінің берілуімен расталады. Бұл ретте, жоғары базалық білім негіздегі магистратурада оқу мерзімі екі жылды; жоғары арнаулы білім негізінде – бір жылды құрады.

Жоғары білім берудің екі деңгейлі құрылымын іске асырудың негізі Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің 2001 жылғы 23 сәуірдегі №117 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының жоғары кәсіптік білім беруді даярлау бағыттары мен мамандықтарының сыныптауышы болды. Осы Сыныптауыштың 1-бөлімінде бакалаврлар мен магистрлерді даярлаудың 5 бағыты: жаратылыстану, гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық ғылымдар, медицина ғылымдары, пәнаралық ғылымдар, техникалық ғылымдар көрсетілген. 2-бөлімде мамандықтардың 41 тобы бойынша дипломды мамандарды даярлау мамандықтары келтірілген.

Даярлау бағыты деп, оларды меңгеру нәтижесінде бейін бойынша туыстас кәсіп салаларындағы міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін құзыреттер кешеніне қол жеткізілетін білім беру бағдарламаларының бірбейінді тобы ұғынылады.

Сыныптауышқа сәйкес 2001-2003 жылдары бакалаврлар мен магистрлерді даярлаудың барлық бағыттары және жоғары арнаулы білім беру

мамандықтары бойынша жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (бұдан әрі – МЖМБС) әзірленді.

2003-2004 оқу жылынан бастап жоғары оқу орындарында сынақ режимінде кредиттік оқыту технологиясы енгізіле бастады. Осы сәттен бастап Қазақстанды Болон процесіне қосу шаралары қабылдау қолға алынды. Біз Болон декларациясының барлық постулаттарын толықтай қабылдадық, бұдан бөлек біз олардың жақтаушылары болдық.

Бастапқыда қазақстандық кредиттік технологиясының негізі ретінде американдық кредиттік жүйе моделі алынғанын атап өткен жөн. Бұл ретте, қазақстандық кредиттерді ECTS кредиттеріне қайта есептеу үшін арнайы аудару коэффициенттері енгізілді. 2008-2009 оқу жылынан бастап барлық жоғары оқу орындары кредиттік оқыту жүйесіне көшті. Дәл осы уақытта қазақстандық жоғары білім беру жүйесіне бакалавр-магистр-PhD докторы дәрежелерін берумен кадрларды даярлаудың үш деңгейлі моделі; ECTS үлгісі бойынша оқудың кредиттік жүйесі; студенттердің, оқытушылар және зерттеушілердің академиялық ұтқырлығы; еуропалық стандарттарға сәйкес сапаны қамтамасыз ету жүйесі имплементацияланды.

2010 жыл қазақстандық жоғары білім үшін тарихи жыл болды. Қазақстан Болон процесіне еніп, Еуропалық жоғары білім беру аймағының 47-ші мүше мемлекеті атанды. Қазақстанның еуропалық білім кеңістігіне қосылуы интеграциялық процестердің кезекті қадамы ғана емес, сонымен бірге қазақстандық білім беру қызметтері нарығының ішкі қажеттіліктерін қанағаттандырады.

2014 жылдың бірінші жартысында Қазақстанға Болон процесіне тең төрағалық ету миссиясы тапсырылды. Қазіргі уақытта Болон декларациясының ережелерін одан әрі имплементациялау бойынша шаралар атқарылуда. Білім беру бағдарламалары Дублин дескрипторларына және жұмыс берушілердің ұсынымдарына сәйкес жасалған. Жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын жасаудағы академиялық еркіндігі кеңейтілді. ECTS үлгісі бойынша кредиттерді қайта тапсырудың қазақстандық моделі жасалды. Қазақстандық жоғары оқу орындары дипломға Еуропалық қосымшаны қоса беруде. Ұлттық біліктілік жүйесін енгізу аясында кәсіби стандарттар негізінде білім беру бағдарламаларын қалыптастыру басталды.

2018 жылдан бастап қазақстандық кредит ECTS кредитімен теңестірілді.

Осылайша, тәуелсіздік жылдары жоғары білім беру жүйесі өз дамуында бірнеше кезеңнен өтті, олардың барысында келесі міндеттер шешілді: нормативтік құқықтық база жасалды, мемлекеттік және жекеменшік ЖОО жүйесі қалыптасты; ақылы және ақысыз негізде оқыту тетігі біріздендірілді; студенттер контингентін қалыптастырудың жаңа моделі енгізілді, білім беру гранттары мен кредиттер тетігі жасалды; «объектілерді қаржыландыру»

қағидатынан «білім беру субъектілерін қаржыландыру» қағидатына қарай көшу жүзеге асты; жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлаудың үш деңгейлі моделі: бакалавриат – магистратура – докторантура құрылды; Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы біріздендірілді, білім деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар әзірленді, ЖОО-ларда оқытудың кредиттік технологиясы енгізілді; қашықтан оқыту дами түсті; ЖОО дербестігін дамыту тұрғысында жоғары білім беруді басқарудың қағидаттары мен тәсілдері түзетілді; білім сапасын бақылаудан сапаны қамтамасыз ету жүйесіне көшу жүзеге асырылуда; ЖОО мен ғылыми ұйымдардың интеграциясы орын алды; Болон процесіне қосылу арқылы жоғары білім берудің Еуропалық жоғары білім кеңістігіне кіруі жүзеге асырылды; оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығы дами түсті; жоғары білімді интернационаландыруды күшейту бағытына қарай қадам жасалды; Ұлттық біліктілік шеңбері қабылданды және кәсіби стандарттарды әзірлеу процесі басталды; оқу бағдарламалары оқытудың нәтижелерін көрсетеді және олар жұмыс берушілер нені күтетіндігі тұрғысынан әзірленеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан халқының білім деңгейі салыстырмалы түрде жоғары және ЭЫДҰ-ға мүше елдерінің орташа деңгейіне жақын. 25 және одан жоғары жастағы ересек халықтың арасында шамамен 40%-ының алған білімінің ең жоғары деңгейі ретінде орта білімі, 30%-ының колледжді тәмамдағаны туралы дипломы және 25%-ының жоғары білімі бар¹.

Қазақстан ЖОО студенттері контингентінің динамикасы 1-кестеде көрсетілген

1-кесте. Студенттер контингенті

Деңгей	Оқу жылы				
	2014- 2015	2015 - 2016	2016 - 2017	2017-2018	2018-2019
Бакалавриат	477 387	459 369	477 074	496 209	479 914
Магистратура	32 527	29 882	32 893	34 609	36 720
PhD	2 063	2 288	2 710	3 603	4 937
Барлығы	511 977	491 539	512 677	534 421	521 571

¹ Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы (тәуелсіздік жылдарында) туралы ұлттық баяндама. АТО, 2017.

2007 жылы қабылданған «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы кадрларды даярлаудың үш деңгейлі моделін іске асырудың құқықтық негізін қалады. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үш деңгейлі (бакалавриат – магистратура – докторантура) жүйесі жалпыдан жекеге көшуді, яғни, адам алдымен белгілі бір бағыт бойынша кең ауқымды білім алады, содан кейін біртіндеп мамандандыруға бағытталған білім беру бағдарламалары арқылы аясы тар дайындыққа өтеді. Мұндай жүйе оқыту әдістемесі мен идеологиясы тұрғысынан қарағанда, студенттік шақта білім алушының өмір бойына оқуға деген қабілеті мен дағдыларын дамытуға, тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл жүйе білім алудың нақты іске асырылуын қамтамасыз етеді, кадрларды даярлаудың әртүрлі деңгейінде оқытудың әдіснамасы мен әдістемесін әртараптандыруға ықпал етеді.

Үш деңгейлі жүйе басты мақсаты кәсіби ұтқырлыққа қойылатын талаптардың жоғарылауы жағдайында жұмыс істеуге дайын, стереотиптерден алшақтап, жаңа идеялар ұсынып, стратегиялық маңызы бар шешімдер қабылдауға қабілетті кең ауқымды білімді адамдарды даярлауды көздейтін университеттік білім берудің сипатына сәйкес келеді. Осы деңгейлердің барлығында жинақтаушылық сипатқа ие кредиттік оқыту технологиясы енгізілді: студенттер білім берудің алдыңғы деңгейлерінде игерген кредиттер білім берудің келесі деңгейлерінде міндетті түрде қайта есепке алынады.

Білім берудің мазмұнын жақсарту үшін барлық деңгейлер бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жетілдіру және үйлестіру, инновациялық білім беру технологияларының енгізілуін ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын түзету көзделуде.

2018 жылдың шілдесінде «Білім туралы» ҚР Заңына ЖОО-лардың академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Олар ЖОО қызметінің үш негізгі: академиялық, басқарушылық және қаржылық бағытын реттейді.

Білім беру бағдарламаларының мазмұнында ЖОО-лардың академиялық еркіндігі 65%-дан 85%-ға дейін кеңейтілді. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында анықталған білім беру бағдарламасының міндетті құрауышының көлемі 45%-дан 15%-ға дейін, яғни бағдарлама көлемінің 85%-ына дейін төмендеуі, оқу пәндерінің тізімін ЖОО-лардың дербес анықтауы осыған дәлел. ЖОО-лар еңбек нарығының қажеттіліктеріне бағытталған білім беру бағдарламаларын дербес әзірлеу өкілеттігіне ие болуда. Осы білім беру бағдарламаларын есепке алу және ақпараттандыру үшін білім берудің

ақпараттық жүйесі арқылы білім беру бағдарламаларының бірыңғай тізілімі енгізілді.

Еңбек нарығының қажеттіліктеріне икемді болып келетін білім беру бағдарламаларына көшу Жоғары білім мамандықтарының сыныптауышынан бас тартуды талап етті. Оның орнына Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы енгізілді, оның шеңберінде ЖОО-лар еңбек нарығының талаптарына сәйкес жаңа білім беру бағдарламаларын жасай алады.

Жоғарыда атап өтілгендей, даярлау бағыты деп, оларды меңгеру нәтижесінде бейіні бойынша туыстас кәсіп салаларындағы міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін құзыреттер кешені қалыптасатын білім беру бағдарламаларының бір бейінді тобы түсініледі.

Сыныптаушы даярлаудың 55 бағытын және білім берудің 12 саласын қамтиды:

1. Педагогикалық ғылымдар;
2. Өнер және гуманитарлық ғылымдар;
3. Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат;
4. Бизнес, басқару және құқық;
5. Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика;
6. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
7. Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары;
8. Ауыл шаруашылығы және биологиялық ресурстар;
9. Ветеринария;
10. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина);
11. Қызметтер;
12. Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс.

1.2 Жоғары оқу орындарының түрлері

Бүгінгі күні жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы білім беру мен ғылыми-зерттеу қызметін 131 қазақстандық, оның ішінде: 11 ұлттық, 30 мемлекеттік, 14 азаматтық емес, 1 халықаралық, 18 акционерленген, 56 жекеменшік және 1 дербес – Назарбаев Университеті ДБҰ ЖОО жүзеге асырады. Білім берудің дербес ұйымы толығымен дербес және өз қызметін «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 19 қаңтардағы арнайы Заңына сәйкес жүзеге асырады.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді келесі түрлердегі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

ұйымдары (бұдан әрі – ЖОО): ұлттық зерттеу университеттері, ұлттық жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары, зерттеу университеттері, университеттер, академиялар, институттар мен оларға теңестірілгендер (консерватория) ұсынады.

Ұлттық жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы – ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы болып саналады.

Ерекше мәртебе – тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және оның кәсіби қалыптасуына зор үлес қосқаны, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тұрақты жоғары деңгейін қамтамасыз еткені үшін Қазақстан Республикасының Президенті беретін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының мәртебесі.

Ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының құзыретіне:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

2) дербес әзірленген оқу жүктемесі нормалары, еңбекақы төлеу нысандары мен мөлшерлері негізінде білім беру қызметін жүзеге асыру;

3) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына қабылдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

4) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламаларын әзірлеу;

5) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан төмен емес мазмұнын дербес анықтау;

6) философия докторы (PhD) және бейін бойынша доктор дәрежелерін дербес беру;

7) дербес үлгідегі білім туралы құжаттарды беру және т.б. кіреді.

Ерекше мәртебесі бар ЖОО-лардың өкілеттіктері «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ерекше мәртебесі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 қаулысымен регламенттеледі.

Ұлттық зерттеу университеті – ерекше мәртебеге ие зерттеу университеті.

Зерттеу университеті – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, бес жылға арналған даму бағдарламасын іске асыратын және білім мен ғылымды интеграциялау, жаңа білімді және технологияларды жинақтау мен трансферттеу үшін өз қызметінің нәтижелерін пайдаланатын университет.

Университет – әртүрлі салалар бойынша ғылыми-педагогикалық қызметті, кадрлар даярлауды, іргелі және (немесе) қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын және жетекші ғылыми-әдістемелік орталық

болып табылатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыратын жоғары оқу орны;

Институт – ғылыми-педагогикалық қызметті, сондай-ақ кәсіби қызмет үшін кадрлар даярлауды жүзеге асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы.

Академия – белгілі бір салада ғылыми-педагогикалық қызметті жүзеге асыратын және ғылыми-әдістемелік орталық болып табылатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы.

ЖОО білім беру қызметіне құқығы оған лицензия, яғни рұқсат берілген күннен бастап туындайды. Білім беру қызметін лицензиялау «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы Заңына сәйкес іске асырылады. Білім беру қызметін лицензиялауды білім беру саласындағы уәкілетті орган – Білім және ғылым министрлігі жүзеге асырады.

Лицензия соған негізделіп берілетін өлшемшарттар мен көрсеткіштер «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығында көрсетілген.

1.3 Қазақстандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үш деңгейлі моделі

Білім берудің үш деңгейлі моделінің (бакалавриат – магистратура – докторантура) енгізілуі, оның деңгейлік біліктіліктерінің Еуропалық құрылымдағы циклдардың біліктілік дескрипторларымен байланыстырылуы қазақстандық академиялық дәрежелердің шетелде танылуына ықпал етті, оқу мен жұмысқа орналасу үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйелерінің салыстырмалылығы бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын жасау үшін ЖОО-лар арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге мүмкіндік береді.

1.3.1 Бірінші цикл бағдарламалары (бакалавриат)

Бакалавриатқа түсушілер арасында ҰБТ баллдары бойынша бірінші циклдегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын және аккредитациядан өткен ЖОО-лардағы білім гранттары бойынша оқуға конкурс өткізіледі. Білім

гранттары республикалық (Үкімет) және жергілікті (облыстық әкімдіктер) деңгейде бөлінеді.

Бакалавриат – кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

Академиялық кредиттер оқудың белгілі бір нәтижелері негізіндегі зерделеу көлемін және олармен байланысты жүктемені білдіреді. Оқу жүктемесі студентке оқу пәнін, модульді немесе бүкіл білім беру бағдарламасын зерделеу және күтілетін оқу нәтижелеріне жету үшін қажет уақытпен өлшенеді.

Бір оқу жылындағы толық оқу жүктемесі 60 академиялық кредитке сәйкес келеді. Бұл ретте бір семестр ішінде студент 30 академиялық кредитті игереді. Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа тең.

Бакалавриатта берілетін біліктіліктер. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының (2007 ж.) 35-бабына сәйкес «жоғары білімнің білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыға "бакалавр" дәрежесі беріледі немесе "маман" біліктілігі беріледі».

Атап өтілгендей, бакалавриат бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемшарты білім алушының оқудың барлық кезеңінде кемінде 240 академиялық кредитті меңгеруі болып табылады (бакалавриаттың МЖБС 31-тармағы). Алайда, бакалавр дәрежесін алу үшін білім алушы қорытынды аттестаттаудан өтуі керек (бакалавриаттың МЖБС 36-тармағы). Қорытынды аттестаттаудың мақсаты – білім беру бағдарламасын зерделеу аяқталғаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелері мен негізгі құзыреттіктерді бағалау (бакалавриаттың МЖМС 16-тармағы). Басқаша айтқанда, қорытынды аттестаттау – бұл оқытудың қол жеткізілген нәтижелерін кешенді бағалауға мүмкіндік беретін қорытынды емтихан.

«Қорытынды емтиханнан» өткеннен кейін білім алушыға «бакалавр» дәрежесі немесе тиісті біліктілік беріледі және қосымшасы (транскрипт) бар жоғары білім туралы мемлекеттік үлгідегі диплом тапсырылады. ЖОО түлекке қосымша түрде дипломға жалпы еуропалық қосымшаны (Diploma Supplement (диплома саплэмент) тегін береді.

ЖОО түлегіне дипломға қосымшаны (транскрипт) беру міндетті рәсім болып саналады. Дипломға қосымша (транскрипт) студенттің бүкіл оқу кезеңіндегі оқудағы жетістіктерін көрсетеді. Дипломға қосымшада (транскрипт) жоғары білім алған тұлғаға жалпы мінездеме беретін барлық ақпарат: түлек туралы жалпы мәліметтер (сауалнамалық деректер, қабылдау сынақтары, алдыңғы білім және т.б.), оқыту бағдарламасы туралы ақпарат,

зерделенген оқу пәндерінің тізбесі, өткен кәсіптік практиканың түрлері, қорытынды аттестаттау нысаны, ECTS-те олар бойынша игерілген академиялық кредиттер саны жазылады.

Жоғарыда аталып кеткендей, қазақстандық кредит ECTS-ке теңестірілген. Шынында да, бір қазақстандық академиялық кредит жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқу жүктемесінің түрлері бойынша 30 сағаттық жұмысқа сәйкес келеді. Сонымен бірге бір ECTS кредиті 25-30 жұмыс сағатына сәйкес келеді. Алайда, есептеулерді оңайлату, қайта есептеулерді жүзеге асыру және оқу нәтижелерін тану үшін қазақстандық академиялық кредит пен ECTS кредиттерінің арақатынасында 1 коэффициенті белгіленді.

Осылайша, сыйымдылығы (көлемі) бойынша қазақстандық бір академиялық кредит бір ECTS-ке тең.

1.3.2 Екінші цикл бағдарламалары (магистратура, резидентура)

Магистратура – кемінде 120(60/90) академиялық кредитті міндетті түрде меңгеру арқылы тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "магистр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі.

Магистратура бағдарламалары бойынша оқуға жоғары білім берудің бірінші деңгейін аяқтағаннан кейін бакалавриат бағдарламаларының түлектері немесе компанияларда, ұйымдарда, мекемелерде жұмыс жасайтын, яғни практикалық тәжірибесі бар тұлғалар түсе алады.

Магистратураның МЖБС 41-тармағына сәйкес білім алушылар қажет болған жағдайда оқудың қосымша түрлерін өз бетінше ақылы негізде меңгеретіндігін атап өткен жөн. Осыған байланысты, оқудың бүкіл мерзімінде игерілген академиялық кредиттердің көлемі білім беру бағдарламасында айқындалғаннан көп болуы мүмкін.

Магистрлерді даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталуының өлшемшарты магистранттың төмендегілерді меңгеруі болып табылады:

1) ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, бүкіл оқу кезеңінде кемінде 120 академиялық кредит;

Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасының дәл осындай көлемі түлекке ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметпен айналысуға мүмкіндік беретін оқытудың қол жеткізілген нәтижелері туралы куәландырады.

2) бейінді магистратурада 1 жылдық оқу кезеңімен 60 академиялық кредит және 1,5 жылдық оқу кезеңімен 90 академиялық кредит.

Бейінді магистратураның білім беру бағдарламасының көлемі түлекке кәсіптік қызметтің тиісті саласындағы өндірістік функциялар мен міндеттерді орындауға мүмкіндік беретін оқыту нәтижелерін көрсетеді. Сондықтан бұл бағдарламалар әрқашан бейінді болады. Алайда бейінді магистратураның түлегі педагогикалық бейіннің қосымша академиялық кредиттерін игерген жағдайда ғылыми-педагогикалық қызметке жіберілуі мүмкін (магистратураның МЖБС 36-тармағы). Басқаша айтқанда, ол педагогикалық жұмыспен айналысуға мүмкіндік беретін қосымша оқу нәтижелерін көрсетуі керек.

Магистратураның білім беру бағдарламасын тәмамдаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен тұлғаларға «магистр» дәрежесі және дипломға қосымшасы (транскрипт) бар жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

Осылайша, бакалавриаттағыдай сияқты магистратура бағдарламасы бойынша оқуды тәмамдаған тұлғалар да магистрлік диссертацияны жазу және қорғау түрінде өткізілетін қорытынды (соңғы) аттестаттаудан өтуі керек. Магистр дәрежесі магистрлік диссертацияны сәтті қорғағаннан кейін ғана беріледі.

ЖОО немесе ғылыми ұйым түлекке дипломға жалпы еуропалық қосымшаны (Diploma Supplement (диплома саплэмент) қоса береді.

Резидентура – клиникалық мамандықтар бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі тереңдетілген медициналық білім алу нысаны.

Ұлттық медициналық білім беруде резидентура білім беру бағдарламасын меңгеру кезеңдерінің бірі саналады, оның қол жеткізілген нәтижелері түлегіне клиникалық практикамен айналысуға, яғни стационарлық үлгідегі медициналық мекемелерде жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Басқаша айтқанда, резидентурада мамандарды даярлау денсаулық сақтау саласын білікті дәрігерлермен қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

Резидентураға бір жылдық интернатурадан өткен бакалавриат түлектері немесе клиникалық даярлықтан өткен магистратура түлектері түсе алады.

Резидентурадағы білім беру процесінің аяқталуының өлшемшарты клиникалық дәрігердің кәсіптік функцияларын орындауға мүмкіндік беретін оқу нәтижелеріне қол жеткізуді көрсететін, 140 академиялық кредит көлеміндегі оқу бағдарламасын меңгеру болып табылады.

Резидентураның кәсіптік оқу бағдарламасын меңгеру «Интернатура және резидентурада даярлаудың клиникалық мамандықтар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 27 бұйрығымен тізбесі бекітілген клиникалық мамандықтар бойынша жоғары медициналық білім алған тұлғалардың стационарлық үлгідегі клиникалық практикаға жіберілуінің міндетті шарты болып табылады. «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша резидентураның білім беру бағдарламалары дәрігердің тар мамандануын көрсетеді.

Резидентурада кадрларды даярлау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 647 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылы 2 қыркүйекте № 12007 болып тіркелген) бекітілген медициналық мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандартына, медициналық мамандықтар бойынша резидентураның үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасына, медициналық мамандықтар бойынша резидентураның үлгілік кәсіптік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Магистратура мен резидентурада кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуден өткен білім беру және ғылыми ұйымдарда орналастырылады.

1.3.3 Үшінші цикл бағдарламалары (докторантура)

Докторантура кемінде 180 академиялық кредитті міндетті меңгеру арқылы философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогтік және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған².

Докторантурада оқу тек күндізгі нысанда мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында және ақылы негізде жүзеге асырылады.

PhD докторларын даярлауға толық көшу 2010 жылдан бастап (жекелеген ЖОО-ларда эксперименттік режимде 2005 жылдан бастап) жүзеге асырылды.

PhD докторантурасы бұрын болған «ғылым кандидаты – ғылым докторы» жүйесінің орнын басты.

² Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17669 болып тіркелді.

Философия докторы (PhD) / бейіні бойынша доктор дәрежесі ЖОО жанындағы диссертациялық кеңестің өтінішхаты негізінде ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің шешімімен берілетіндігін атап өткен жөн.

2019 жылдан бастап академиялық дербестік аясында философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор дәрежесі ерекше мәртебесі бар ұлттық ЖОО-лар жанындағы диссертациялық кеңестер өздері береді және дипломға қосымшасы (транскрипт) бар мемлекеттік үлгідегі дипломды тапсырады. қоса беріледі. Ерекше мәртебесі бар ЖОО-лардың өкілеттіктері 1.2 бөлімде егжей-тегжейлі сипатталған.

Докторантураның білім беру бағдарламасын меңгеру ұзақтығы бейінге және алдыңғы даярлыққа байланысты кемінде 3 жылды құрайды.

1.4 Қазақстандағы сапаны қамтамасыз ету жүйесі

Сапаны қамтамасыз ету жүйесінің ұлттық моделі 2000 жылдардың басында қалыптаса бастады. Бастапқыда білім беру сапасын бақылау жүйесі мен аккредиттеуді енгізу, мемлекеттік аккредиттеу және мемлекеттік аккредиттеу агенттігін құру сияқты сапаны қамтамасыз ету жүйесінің жекелеген элементтері қатар жұмыс істеді.

Біртіндеп сапаны бақылау жүйесінен сапаны қамтамасыз ету жүйесіне көшу және сапаны қамтамасыз ету жүйесінің институционалдық негіздері мен құралдары бар жаңа архитектурасын қалыптастыру процесі басталды.

Білім беру сапасын арттырудың реформалары білім беру ортасын және ғылыми зерттеулер мен инновациялармен тиісті байланыстарды қоса алғанда, жоғары білім берудегі оқыту мен оқытушылықтың сапасын қамтамасыз етуге бағытталғанын ата кету керек. Осыған байланысты білім беру саясаты барлық құрауыштардың: құрылымдық, институционалдық және білім беру мазмұнының келісімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Болон процесіне қатысушы мемлекеттердің Білім министрлерінің Ереван конференциясында үш бөлікке бөлінген сапаны қамтамасыз ету стандарттары қабылданғаны белгілі, олар:

- 1) сапаны ішкі қамтамасыз етуге арналған стандарттар мен нұсқаулықтар;
- 2) сапаны сыртқы қамтамасыз етуге арналған стандарттар мен нұсқаулықтар;
- 3) сапаны қамтамасыз ету жөніндегі агенттіктерге арналған стандарттар мен нұсқаулықтар.

Сапаны қамтамасыз ету жүйесінің ел деңгейінде тиімді жұмыс істеуі үшін осы үш бөліктің барлығы да ұлттық білім беру жүйесіне бірдей имплементацияланғаны өте маңызды.

Сапаны қамтамасыз етудің ұлттық жүйесі дәл осы жолмен дамып келеді. Мәселен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы

30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес еуропалық жоғары білім беру кеңістігі – ESG-де жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін құрады. Бұл ретте, аталған Қағидалардың 36-тармағында ішкі стандарттардың толық тізбесі берілген:

- 1) сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат;
- 2) бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту;
- 3) студентке бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау;
- 4) білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау;
- 5) оқытушылар құрамы;
- 6) оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі;
- 7) ақпаратты басқару;
- 8) жұртшылықты хабардар ету;
- 9) тұрақты мониторинг және бағдарламаларды мерзімді бағалау;
- 10) сыртқы мерзімді сапаны қамтамасыз ету.

Сапаны қамтамасыз ету жүйесінің екінші құраушысына қатысты қазақстандық жоғары білім беруде ол аккредиттеу құралы арқылы жүзеге асырылатындығын атап өтеміз.

Қолданыстағы аккредиттеудің ұлттық моделі институционалды және мамандандырылған, халықаралық және ұлттық аккредиттеуді қамтиды.

Аккредиттеу еріктілік, тәуелсіздік және төлем қағидаларына негізделген.

Қазіргі кезде тәуелсіз аккредиттеу Қазақстанда қарқын алып үлгерді, ЖОО-лар сыртқы бағалау рәсімдеріне бейімделді, аккредиттеу органдары белгілі бір тәжірибе жинап, сарапшылар пулын дайындады.

Аккредиттеу халықаралық, атап айтқанда, Еуропалық жоғары білім кеңістігіндегі ESG-2015 сапаны қамтамасыз етуге арналған стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген талаптарды ескере отырып, аккредиттеу өлшемшарттары мен стандарттарын дербес әзірлейтін аккредиттеу ұйымдары өздері қабылдаған стандарттар мен рәсімдерге сәйкес жүргізіледі.

Аккредиттеуді уәкілетті органның Тізіліміне енгізілуі керек коммерциялық емес және мемлекеттік емес аккредиттеу агенттіктері жүргізеді.

Қалыптасқан модель бойынша елде үш ұлттық тізілім жүргізілуде:

1) білім беру саласындағы уәкілетті орган таныған және білім беру ұйымдарын институционалды және мамандандырылған аккредиттеу рәсімдерінен өткізуге құқылы ұлттық және шетелдік аккредиттеу органдарын тіркеу мен есепке алу жүргізілетін 1-ұлттық тізілім;

2) танылған аккредиттеу органдарының анықтамалары негізінде аккредиттелген білім беру ұйымдарын тіркеу мен есепке алу жүргізілетін 2-ұлттық тізілім;

3) танылған аккредиттеу органдарының мәліметтері негізінде жасалатын білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларының тізбесін білдіретін 3-ұлттық тізілім.

Барлық үш Тізілімді Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жүргізеді.

1-ұлттық тізілім аккредиттеу агенттіктерінің қызметін реттеу құралы ретінде әрекет етеді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі аккредиттеу органына қойылатын талаптарды әзірледі, олардың ішіндегі ең бастысы органның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізілімдеріне және (немесе) қауымдастықтарына кіруі. Басқаша айтқанда, бұл сапаны қамтамасыз ету жүйесінің үшінші деңгейі. Бұл деңгей оның қалыптасуының бастапқы кезеңінде тұр, аккредиттеуі елде ресми түрде танылатын аккредиттеу органдарына қойылатын талаптар әзірленді.

Қазіргі уақытта 1-тізілімге 11 аккредиттеу агенттігі: 7 қазақстандық (НААР, НАОКО, KAZSEE, ARQA, ECAQA, ACBSP, Қазақстанның тәуелсіз аккредиттеу орталығы) және Еуропадан 4 шетелдік агенттік (FIBAA, ASIIN, MusiQuE, ACQUIN) кіреді.

Қазақстандық агенттіктер – Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі (ТАРА), Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік (БСКТА) Жоғары білім берудегі сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық қауымдастығына (ENQA) толық мүшелікке ие.

Дәл осы Тізілім арқылы сапаны қамтамасыз ету жүйесінің үшінші құраушысын – сапаны сыртқы қамтамасыз ету агенттіктеріне арналған төмендегі стандарттар мен нұсқаулықтарды қамтамасыз етуге талпыныс жасалуда:

- 1) сапаны қамтамасыз етудің қызметі, саясаты мен рәсімдері;
- 2) ресми мәртебе;
- 3) тәуелсіздік;
- 4) тақырыптық талдау;
- 5) ресурстар;
- 6) сапаны ішкі қамтамасыз ету және кәсіби этика;
- 7) агенттіктерді мерзімді сыртқы бағалау.

Алайда сапаны сыртқы қамтамасыз ету агенттіктеріне арналған стандарттар мен нұсқаулықтар әлі жоқ. Бұл жұмысты келешекте қайта құрылған ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті атқаруы керек.

2. Ұлттық біліктілік жүйесінің дамуы

Қазақстанда Ұлттық кәсіптер сыныптауышын, Ұлттық біліктілік шеңберін, салалық біліктілік шеңберлерін және кәсіби стандарттарды қамтитын Ұлттық біліктілік жүйесін енгізу бойынша көптеген жұмыстар атқарылды (1-сурет). Білім беру бағдарламалары жұмыс берушілермен бірлесіп жасалады. Ұлттық біліктілік шеңберін енгізу ҰБЖ-ны іске асырудың негізгі құрауыштарының бірі болып саналады.

Тұтастай алғанда, ұлттық біліктілік жүйелерін жасау мен енгізу қажеттілігі біліктілік деңгейлерін реттеу мен құрылымдауға деген ұмтылыспен ғана емес, сонымен қатар, көбінесе еңбек нарығының сұранысы мен білім беру жүйелерінің ұсынысы арасындағы сапалық айырмашылықты азайтуға деген ұмтылыспен байланысты. Осыған орай «оқыту нәтижелері» (learning outcomes) білім беру процесінің практикалық бағдарлануын және білім беру саласы мен еңбек нарығының өзара тығыз байланысын қамтамасыз ететін негізгі құралдардың біріне айналады. Қазіргі кезде оқытудың нәтижелерін ЕЖБК елдері білім беру бағдарламаларын әзірлеу және сапаны қамтамасыз ету кезінде кеңінен қолданады. Оқыту нәтижелері құзыреттіліктерді қалыптастыруға және оларды біліктілік шеңберінде құрылымдауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда білім беру бағдарламаларын оқытудың нәтижелері Блум таксономиясы әдіснамасының негізінде HE-NQF дескрипторларына және кәсіби стандарттардың талаптарына сәйкес әзірлеушілер тарапынан тұжырымдалады, сондай-ақ студенттердің өзін-өзі басқару құрылымының (ұйымы) және жұмыс берушілер қоғамдастығының өкілдерін тарта отырып ЖОО-лардың академиялық комитеттерінде жан-жақты талқыланады. Бұл ретте ЖОО білім алушылардың аталған осы оқу нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін мониторингілеу мен бағалау бойынша іс-шаралар кешенін іске асырады, материалдық-техникалық базаны жарактандырады және оқыту мен зерттеулер жүргізу үшін нарықтан ең үздік мамандарды тартады.

Біліктілік шеңбері халықаралық қоғамдастықта біліктіліктің жүйелі және құрылымдалған сипаттамасы ретінде түсініледі.

Елімізде бірқатар реттелетін мамандықтар (педагог - білім, менеджер - туризм, инженер - АКТ және т.б.) бойынша бейінді қауымдастықтар мен мемлекеттік орган кәсіптік сертификаттау мен біліктілікті арттыру тетіктері арқылы кәсіби стандарттарға (HE-NQF дескрипторларына және салалық біліктілік шеңберіне) сәйкес түлектердің білім беру бағдарламалары бойынша мәлімделген оқыту нәтижелеріне қол жеткізу деңгейлерін бағалау рәсімін жүзеге асырады. Бірқатар ЖОО өз түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін өздерінің білім беру бағдарламаларына кәсіптік сертификаттаудың белгілі бағдарламаларын (ACCA, CFA, Microsoft Academy және т.б.) интеграциялап үлгерді, өйткені олардың түлектері кәсіби қауымдастықтардың емтихандарын сәтті тапсырғаннан кейін өз

дипломдарына сертификаттарды қосап алады. Осылайша, ұлттық деңгейде ЖБ ҰБШ дескрипторлары біліктіліктерді (дағдылар, құзыреттіліктер мен оқыту нәтижелері) өлшеу мен растаудың айқын тетіктерін енгізу арқылы еңбек ресурстарының біліктілік деңгейін анықтау тетігін құрылымдауға мүмкіндік береді.

ҰЛТТЫҚ БІЛІКТІЛІК ЖҮЙЕСІ



1-сурет. Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік жүйесінің құрылымы

Органдар мен ұйымдардың өзара әрекеттесу тетігі 2-суретте көрсетілген. Біліктілік шеңбері әртүрлі елдерде берілген біліктіліктер пен дипломдарды салыстыруға мүмкіндік береді, бұл еңбек пен білім көші-қонына қатысты өзекті болып саналады.

Қазақстан посткеңестік елдердің арасында алғаш болып 2012 жылы ұлттық біліктілік шеңберін және болашақта елде қысқа циклды айқындау және енгізу мүмкіндігі бөлігіндегі белгілі бір ерекшеліктермен қабылдады. EQF 5 деңгейі Дублиндік қысқа цикл (бірінші цикл шегінде немесе онымен байланысты) біліктілік дескрипторымен байланысты екені белгілі. Ол ресми түрде Болон жүйесінің (QF-EHEA) бөлігі емес. Болон шеңберін қабылдай отырып, министрлер оның ұлттық контекстер аясында аралық біліктіліктерді қабылдау мүмкіндігін қамтитындығына келісті. Қолданбалы бакалавриат деңгейінің орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғаларға берілетін біліктілікке жатқызылуына байланысты 5-деңгейді толық енгізу мәселесі кешеуілдеп жатқанын ескере отырып, өзін-өзі сертификаттау

рәсімін алдымен 6-8 деңгейлер, яғни, HE-NQF үшін өту туралы шешім қабылданды.

2019 жылы NQF қайта өңделіп, 5-8 деңгейдегі барлық дескрипторлар өмір бойы білім алудың еуропалық біліктілік шеңберіне сәйкес HE-NQF нысанында қайта анықталды. Мысалы, 8-деңгейде докторлықтан кейінгі бағдарламалардың дескрипторлары бар, алайда бұл ретте, постдокторантурада (қазіргі кезде кейбір ЖОО-ларда постдокторантуралар бар – әл-Фараби ат. ҚазҰУ) зерттеудің өлшенетін нәтижелерімен зерттеу құраушысы ғана бар, бұл университеттердің академиялық еркіндігімен анықталған болатын.

Ұлттық біліктілік жүйесін және жалпы біліктілік жүйесін дамыту мен жетілдірудің негізгі аспектісі барлық мүдделі тараптардың жұмылдырылуы болып саналады.

Қазақстанның ұлттық біліктілік жүйесін дамыту бойынша жұмыс сондай-ақ кейбір таңдамалы кәсіптерге бағдарланған «Еңбек дағдыларын дамыту және жұмыс орындарын ілгерілету» жобасы бойынша ҚР Үкіметі мен Халықаралық Қайта құру және даму банкі арасындағы серіктестік келісім шеңберінде жүргізілуде. Тұтастай алғанда, еліміз жаңа жұмыс орындарын (соның ішінде жоғары технологиялық компанияларды) құру жөніндегі идеялар мен бастамаларды жандандыратын, қажет болған жағдайда оларды қысқа мерзімде қайта оқытуға болатын кең бейінді жоғары білімі бар халықтың жалпы санын арттыра отырып, жоғары білімді ұлт қалыптастыру бағытын ұстануда. Мысалы, ЭЫДҰ елдерінде білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мемлекеттің айрықша құзыреті болып саналады. Зерттеулер жоғары білімнің бұқара халық үшін қолжетімді болуы жалпы қоғамға және оның жекелеген азаматтарына экономикалық және әлеуметтік пайда әкелетінін көрсетіп отыр. Жеке деңгейде жоғары білімі бар адамдар өз денсаулығын жақсы қадағалайды және өз кірісін едәуір арттыруға қабілетті, олардың өмірге қанағаттанушылық деңгейі және орташа өмір сүру ұзақтығы жоғары болып келеді.

Сертификаттау жүйесіндегі қазіргі кейбір шашыраңқылықты жою үшін ҚР Еңбек кодексінде 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап сәйкестікті растауды және біліктілікті беруді талап ететін кәсіптік қызмет ретінде реттелетін мамандық ұғымын енгізу арқылы жаңа тетік қарастырылған. Соған сәйкес реттелетін мамандықтар бойынша сәйкестікті растауды және біліктілікті беруді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аккредиттелген ұйымдар жүзеге асырады. Бұл ретте реттелетін кәсіптер бойынша сәйкестікті растау және біліктілік беру тәртібін тиісті қызмет салаларының уәкілетті мемлекеттік органдары айқындайды. Реттелетін кәсіптердің тізбесін (тізілімін) әзірлеуді және қайта қарауды еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган тиісті қызмет салаларының уәкілетті мемлекеттік органдарымен бірлесіп жүргізеді және әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссия бекітеді. ҚР БҒМ білім беру саласындағы пилоттық жобалардың бірі ретінде «Педагог»

кәсіби стандарты базасында орта мектеп мұғалімдері үшін Ұлттық біліктілік тесті (ҰБТ) енгізілді. ҰҚТ-дан өту қорытындысы бойынша мұғалімдер жалақысына үстемелер алады.

ҰБЖ арқылы өмір бойы оқу қағидаттарын іске асыру бөлігіндегі одан арғы елеулі жылжу – «Білім туралы» ҚРЗ-ға 2018 жылдан бастап формальды емес білім беретін, танылған ұйымдардың тізбесіне енгізілген ұйымдар беретін формальды емес білім арқылы ересектер алған оқу нәтижелерін тану қағидаларын бекіту арқылы формальды емес білім нәтижелерін есепке алудың жаңа тетігінің енгізілуі, сондай-ақ формальды емес білім беретін ұйымдарды тану тәртібінің айқындалуы және төмендегі ұғымдар ашылып, одан әрі анықталған формальды емес білім беретін ұйымдардың тізбесінің жасалуы болып саналады:

- формальды білім – техникалық және кәсіптік, сондай-ақ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы бар білім беру ұйымдары жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растайтын құжат берілетін білім түрі;

оқыту нәтижелерін растайтын құжат берумен қатар жүретін білім беру түрі;

- ересектерге формальды емес білім беру – оқудың орны, мерзімдері және оқу нысаны есепке алынбай көрсетілетін білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растайтын құжат берілетін білім түрі;

- формальды емес білім беретін ұйымдарды тану – формальды емес білім беру бойынша білім беру қызметін ұсынатын ұйымдардың өкілеттігін растау рәсімі;

- формальды емес білім беретін танылған ұйымдардың тізбесі – білім беру саласындағы уәкілетті орган қалыптастырған формальды емес білім беретін ұлттық және шетелдік ұйымдардың тізбесі.

Осы екі тетікті толықтай іске асыру халықаралық тәжірибеге (Германия, Жапония, АҚШ және т.б.) сәйкес сертификаттау процестерінің тиісті мониторингін, кәсіби стандарттар мен біліктілік санаттарын әзірлеуді қамтамасыз ете отырып, жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне бағдарланған біліктілік жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Қазақстанда оқуға формальды емес тәсілдің нысаны ретінде біздің студенттердің (білім алушылардың) халықаралық деңгейде (Coursera, Edx, Future learn сияқты) ЖАОК платформаларында (екі ұлттық жоба бар – Ұлттық ашық білім беру платформасы <http://moocs-да.kzand>, Қазақстанның ашық университеті <http://openu.kz>) өз бетінше білім алуға мүмкіндіктері бар және сертификат алғаннан кейін олар өз университеттерінде таныла алады және кредиттер беріледі.

Ұлттық біліктілік жүйесін реттейтін негізгі құжаттар:

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы
- Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 4 шілдедегі № 129 Заңы
- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ереже
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі туралы ереже
- Кәсіби стандарттарды әзірлеу, енгізу, ауыстыру және қайта қарау ережелері (ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 1035 бұйрығы)
- Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБЖ) (Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы № 1 хаттамасы)
- Салалық біліктілік шеңберін әзірлеу және рәсімдеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2019 жылғы 18 қаңтардағы № 25 бұйрығы)
- Кәсіби стандарттарды әзірлеу және рәсімдеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2018 жылғы 26 наурыздағы бұйрығы)
- Ұлттық кәсіптер сыныптауышы (ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2017 жылғы 11 мамырдағы №130-од бұйрығы), 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.
- Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы (ҚР ИЖТМ Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2007 жылғы 14 желтоқсандағы № 683-од бұйрығы).

2.1. Жоғары білім берудің Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша жұмыстың барысы

Тұтастай алғанда, Жоғары білім берудің ұлттық біліктілік шеңбері Ұлттық біліктілік жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 616 қаулысымен Ұлттық біліктілік жүйесін кезең-кезеңімен әзірлеу жоспары³ бекітілді. Жоспар 2013-2015 жылдарға есептелген және біліктілік жүйесін дамыту, кәсіби стандарттарды әзірлеу, кәсіптік дайындықты бағалау және мамандардың біліктілігінің сәйкестігін растау жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтыды.

Жоспар ұлттық біліктілік жүйесін дамытуға арналған жағдай жасау мақсатын көздеді.

³ Ұлттық біліктілік жүйесін кезең-кезеңімен әзірлеудің жоспары
https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31408518&#pos=108;-57

Жоспардың міндеттеріне:

1. Заманауи өндірістің еңбек функцияларына қойылатын талаптарға сәйкес қазіргі кәсіптерді, лауазымдарды, біліктілікті біріздендіру және бірыңғай жүйеге келтіру.

2. Уәжділікті арттыру және азаматтардың оқу және мансаптық өсуі үшін оңтайлы траекторияларды жасау.

3. Білімге негізделген қоғамды дамыту үшін елімізге үзіліссіз білім беру жүйесін енгізудің негізгі тетіктерін анықтау.

4. Біліктіліктерді (дағдылар, құзыреттіліктер мен оқу нәтижелері) өлшеу мен растаудың ашық тетіктерін енгізу арқылы еңбек ресурстарының біліктілік деңгейін анықтауға арналған тәсілдерді жасау кіреді.

2.2 ҰБШ-ны әзірлеу кезеңдері

Бірінші кезең

Өмір бойы оқу бойынша ұлттық біліктілік шеңберін ведомствоаралық топ әзірледі және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 24 қыркүйектегі № 373 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 444 бірлескен бұйрығымен бекітілді.

Ұлттық біліктілік шеңберін әзірлеу кезінде Болон процесі жөніндегі жұмыс тобының ұсыныстары, шетелдік сарапшылардың консультациялары қолданылды.

ҰБШ-ның алғашқы нұсқасы Болон процесі жөніндегі Ұлыбританияның маманы Стивен Адамға жіберілді. Оның есебінде ҰБШ-ны келесі жылдары жаңғыртуға әсер еткен алғашқы түсініктемелер болды.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 28 наурыздағы бұйрығымен ҰБШ-ның өзін-өзі сертификаттау жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының құрамы бекітілді. Топқа 2013 жылғы 25 мамырға дейін ҰБШ-ның өзін-өзі сертификаттауы жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу тапсырылды.

Өзін-өзі сертификаттау жөніндегі жұмыс тобына Министрліктің және басқа мемлекеттік органдардың, ведомстволық бағынысты ұйымдар мен ЖОО-лардың өкілдері кірді.

Ұлттық біліктілік шеңберінің өзін-өзі сертификаттау жөніндегі есебін дайындау бойынша жұмыс 2013 жылы басталды. Ұлттық біліктілік шеңберінің мәселелері талқыланған барлығы 70-тен астам іс-шара өткізілді.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаменті Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығымен бірлесіп 2013 жылдың 19 қыркүйегінде білім беру саласындағы халықаралық сарапшылардың қатысуымен «Әлеуметтік жаңғырту тұрғысындағы Қазақстанның ұлттық біліктілік шеңберінің өзін-өзі сертификаттауы» атты халықаралық конференция өткізді.

Конференцияның мақсаты ЕЖБК елдерімен өзін-өзі сертификаттау және біліктілік шеңберлерін стратегиялық дамыту процесі бойынша тәжірибе алмасу, сондай-ақ Қазақстанда ұлттық біліктілік шеңберін одан әрі дамыту бойынша ұсынымдар жасау болды.

Конференция аясында:

Қазақстанда Ұлттық біліктілік шеңберін іске асырудың негізгі бағыттары талқыланды

Болон процесі аясында Қазақстанның Ұлттық біліктілік жүйесін дамытудың басымдықтары анықталды

Қазақстандағы біліктілік шеңберлерін тексеру және өзін-өзі сертификаттаудың негізгі ережелері жария етілді

кәсіптік дайындық сапасын бағалау және мамандардың біліктілігінің сәйкестігін растау тетігін енгізуге арналған ұсынымдар жасалды

білімге негізделген қоғамды қалыптастырудың негізгі тетігі ретінде өмір бойы оқу жүйесін дамытуға арналған ұсынымдар жасалды

кәсіптік дайындықты тәуелсіз бағалау және мамандардың біліктілігінің сәйкестігін растау жүйесін дамытуға арналған ұсынымдар жасалды

ұлттық біліктілік жүйесін қалыптастыру және біліктілік шеңберін іске туралы ЖОО-лар ақпараттандырылды.

Сондай-ақ, еңбек нарығы мен білім беруді өзара жақындастыру мақсатында 2015 жылғы 8-9 маусымда жоғары оқу орындары үшін «Ұлттық біліктілік шеңбері: сәулет әдіснамасынан қолдану практикасына дейін» тақырыбында республикалық семинар өткізілді. Іс-шараны Қазақстандағы Эразмус+ бағдарламасының Ұлттық кеңсесімен бірлесіп ҚР Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырды. Шетелдік сарапшы Braun Maguire, Director of QA, QQI, Ireland осы республикалық семинарға қатысып, негізгі спикер болды.

Осы іс-шара аясында Қазақстандағы Жоғары білім беруді реформалау жөніндегі сарапшылардың ұлттық командасының (ЖБРС ҰК) мүшелері шеберлік сыныптарын өткізді.

Ұлттық семинар барысында жоғары білім беруді жаңғыртудың басым бағыттары, білім беру қызметін қамтамасыз етудегі инновациялық тәсілдермен алмасу, заманауи еуропалық тәсілдерге сәйкес біліктілік шеңберлері мен кәсіби стандарттарды әзірлеу мәселелері талқыланды.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының қолдауымен келесі іс-шараларды өткізді:

- «Жоғары білім берудегі құрылымдық реформалар және Болон процесінің құралдары» жазғы мектептері (2013ж.), «Білім беру ісін басқару: университетті басқару» (2015ж.);

- «Академиялық ұтқырлық: құралдарды әзірлеу және қолдану» жыл сайынғы республикалық семинар-тренинг (2013-2015);

- Жоғары білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі конференция (2013ж.);

- ҰБШ өзін-өзі сертификаттау жөніндегі конференция (2013ж.);
- Қазақстандағы жоғары білім беруді интернационалдандыру жөніндегі конференция (2013 ж.);
- Қазақстан Республикасының Болон процесіне тең төрағалығының аясындағы конференция (2014 ж.);
- оқытудың нәтижелері мен модульдік білім беру бағдарламалары жөніндегі; ҚР білім берудің әлеуметтік маңыздылығы мен қолжетімділігі жөнінде; бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу әдістемесі жөніндегі (2013-2014 жж.); «Жоғары білімді интернационалдандыру тетіктері: академиялық ұтқырлық, бірлескен білім беру бағдарламалары және халықаралық ынтымақтастық» (2016ж.), «Білім беру процесіне ECTS енгізу мәселелері» (2016ж.) семинарлар.

Бұдан басқа, Қазақстан ЕО-ның «Орталық Азия білім беру платформасы» жобасын іске асыруға қатысты. Жобаның мақсаты – Еуропалық Одақ пен Орталық Азия арасындағы ынтымақтастықты кеңейту, Орталық Азия елдері арасындағы өңірлік ынтымақтастықты жақсарту және жоғары білім беру саласындағы да, техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы да реформаларға жәрдемдесу.

Осы жобаның аясында Қазақстан Республикасында Ұлттық біліктілік шеңберін дамытуға қолдау көрсетуге бағытталған бірқатар іс-шара өткізілді. Семинарлар мен конференцияларға қатысуға техникалық және кәсіптік білім беру, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру салаларының сарапшылары, жұмыс берушілердің өкілдері мен басқа да стейкхолдерлер тартылды.

2016 жылғы 5 желтоқсанда Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша семинар өткізілді. Оның жұмысына шетелдік сарапшылар: Байба Рамина, Латвияның Академиялық ақпараттық орталығының директоры; Клаудио Донди, ОАБП білім және кадрларды даярлау жөніндегі сарапшысы; Ева Хмелецка, Польшаның Білім беруді зерттеу институты; Кристиан Вагнер, Орталық Азия білім беру платформасының басшысы қатысты.

Талқыланған мәселелер:

- Қазақстанның ұлттық біліктілік жүйесін жетілдіру;
- Ұлттық, салалық біліктілік шеңберлерін және кәсіптік стандарттарды дамыту саласындағы халықаралық тәжірибе;
- Қазақстанның Ұлттық біліктілік шеңберінің Еуропалық біліктілік шеңберімен және барлығын қамтитын ЕЖБК Біліктілік шеңберімен өзін-өзі сертификаттау процесі.

Сондай-ақ жоба аясында Қазақстан төмендегі іс-шараларға қатысты:

- «Орталық Азия мен Еуропалық Одақ елдері арасында жоғары білім саласындағы ынтымақтастықты нығайту» атты өңірлік конференция, Краков, 2016 жылғы 16-18 қараша;
- Ыстамбұлда өткен ҰБШ бойынша өзара оқыту жөніндегі топтың бірінші кеңесі, 2017 жылғы ақпан;

- ҰБШ бойынша өзара оқыту жөніндегі топтың екінші кеңесі, Бішкек, 2017 жылғы сәуір;

- сапаны қамтамасыз ету және аккредиттеу бойынша семинар, Душанбе, 2017 жылғы мамыр.

Қазақстан Болон процесінің қатысушысы ретінде BFUG отырыстарына, BFUG жұмыс топтарына және ЕЖБК елдері министрлерінің ҰБШ-не арналған конференцияларына қатысады.

ҰБШ мәселелері сондай-ақ ЖОО жандарындағы оқу-әдістемелік бірлестіктердің түрлі отырыстарында да талқыланған.

Бірқатар объективті себептерге байланысты өзін-өзі сертификаттау бойынша есеп бұл кезеңде дайындалмады.

Екінші кезең

2017 жылы ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығына өткізілген жұмыстардың материалдарын зерттеп, өзін-өзі сертификаттау бойынша есеп жобасын дайындауды тапсырды. Нәтижесінде ҰБШ 6,7,8 деңгейлерінің дескрипторларын пайдаланып, есеп жобасы дайындалды да, шетелдік сарапшыларға: Польшадағы Ева Хмелецка мен Германиядағы Волькер Гемлихке сараптамаға жіберілді. Шетелдік сарапшылар бірқатар қағидатты ескертулер жасап, ҰБШ 6-8 деңгейлері дескрипторларының Дублин дескрипторларына сәйкессіздігіне назар аударды. Негізгі ескертулер:

1. Деңгей дескрипторлары түлек меңгерген оқыту нәтижелерінің тілінде тұжырымдалмаған.

2. Дескрипторлардың деңгейден деңгейге дейінгі прогресі бақыланбайды, тиісті түрде әзірленбеген.

3. Дескрипторларда кәсіптік қызметке көңіл басымырақ бөлінген.

ҰБШ дескрипторларын түбегейлі қайта қарау қажет екендігі айқын болды.

Үшінші кезең

2018 жылы Эрнст&Янг компаниясы өткізген талдау сондай-ақ Ұлттық біліктілік шеңберін қайта қарауды талап ететінін көрсетті. Олар тұтас ҰБЖ-ні 2025 жылға дейін жаңғыртудың жаңа тұжырымдамасы мен жол картасын әзірледі және Үкімет жанында біліктіліктер жөніндегі арнайы мемлекеттік орган құруды ұсынды.

2019 жылғы шілдеде алғаш рет Үкімет жанында Біліктіліктер жөніндегі ұлттық кеңес және ең маңыздысы – тұрақты жұмыс істейтін орган – Әлеуметтік-еңбек саласын дамыту жөніндегі жобалық кеңсе құрылды. Ұлттық біліктілік жүйесін 2025 жылға дейін енгізу бойынша Жол картасы әзірленді. Кеңестің негізгі міндеті – Ұлттық біліктілік жүйесін еңбек нарығы мен кадрларды даярлау жүйесі арасындағы байланысты бекіту, сондай-ақ

сертификаттау мен біліктіліктерді тану жүйесін құру және дамыту бойынша негізгі даму бағыттарын әзірлеу жөнінде ұсыныстар жасау.

ҚР Білім және ғылым министрлігі Болон процесіне қатысушы-елдер Білім министрлері Париж конференциясының Ұлттық біліктілік шеңберінің өзін-өзі сертификаттауын өткізуді жеделдету бойынша ұсынымдарын, сондай-ақ ҰБШ 6-8 деңгейлер дескрипторларының Болон шеңбері дескрипторларымен сәйкессіздігін ескере отырып, жеке Жоғары білім берудің ұлттық біліктілік шеңберін – ЖБ-ҰБШ әзірлеу шешімін қабылдады.

17.04.2019 жылғы № 152 бұйрығымен жаңа ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды, оған Білім және ғылым министрлігінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, салалық қауымдастықтар мен жоғары оқу мекемелерінің өкілдері кірді (3-қосымша).

Бұл жұмыс тобы жеке Жоғары білім берудің ұлттық біліктілік шеңберін (ЖБ ҰБШ) әзірледі, ол жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімде алған біліктіліктерін жіктелеуге мүмкіндік береді және Еуропалық жоғары білім кеңістігіне арналған барлығын қамтитын біліктілік шеңберімен (ЕЖБК БШ) салыстыруға келеді.

ЖБ-ҰБШ жобасы Прага қаласында өзін-өзі сертификаттау мәселелері жөніндегі А Жұмыс тобының отырысында таныстырылды (2019 жылғы 3 маусым). 2019 жылғы 21 қазанда ЖБ ҰБШ Германияның сарапшысы Волькер Гемлихке ұсынылды.

2019 жылғы 27 қарашада ЖБ ҰБШ ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиясының отырысында қаралып, мақұлданды.

2.3 ЖБ ҰБШ-ның ЕЖБК БШ-мен өзін-өзі сертификаттауы

Ақпараттың қолжетімділігі

ЖБ ҰБШ-ны енгізу оқыту нәтижелерінің деңгейлері жүйесін әзірлеуді және кейін қолданыстағы дәрежелерді байланыстыру жолдарын анықтауды, содан соң басқа елдер практикаларынан мүмкін болатын алшақтықтарды (ағаттықтарды немесе елеулі ауытқуларды) анықтауды есепке алып, қолданыстағы жүйеде өзгерістер жасауды бағдарлайды. Одан кейін үкімет Біліктілік тізілімін және Қазақстан Республикасындағы біліктілік жүйесі туралы анағұрлым толық және қолжетімді ақпарат ұсыну үшін портал жасауды жоспарлауда.

Қазіргі сәтте Ұлттық біліктілік жүйесі бойынша жаңартулары бар қосымша парақша «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының сайтында орналасқан: <http://palata.kz/ru/services/16-professional-nye-standarty>.

«Атамекен» ҰКП ҰБЖ-нің басқа да құрауыштары – салалық біліктілік шеңбері мен кәсіптік стандарттар бойынша ақпараттық қолдау көрсетеді. Сайтта СБШ мен кәсіптік стандарттарды әзірлеу бойынша әдістемелік

ұсынымдар, талдау материалдары, бекітілген СБШ мен кәсіптік стандарттардың тізілімдері орналасқан.


3. ЖБ ҰБШ мен ЕЖБК БШ дескрипторларын салыстыру

ЖБ ҰБШ деңгейлерінің дескрипторларын әзірлеу кезінде келесі құжаттар пайдаланылды:

- Болон процесінің асында әзірленген Дублин дескрипторлары;
- Блум таксономиясы – американдық психолог Бенджамин Блум мен оның әріптестерінің идеяларына негізделген білімнің алты деңгейінің иерархиялық жүйесі;
- 2017 жылғы 22 мамырдағы Еуропалық Одақ Кеңесінің өмір бойы оқуға арналған Еуропалық біліктілік шеңбері бойынша ұсынымдары.

Қазақстандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім өмір бойы оқу бойынша ҰБШ 6-8 деңгейлеріне жатады (2-сур.).

Бесінші деңгей жоғары білім жүйесіне кіргізілмеген, сондықтан бұл есепте қарастырылмайды (3-сур.).



2-сурет. ҚР ҰБШ деңгейлерін ЕБШ деңгейлерімен салыстыру

Бесінші деңгейде орналасқан орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары орта білімі бар (жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік) азаматтар қатарынан қолданбалы бакалаврлар даярлауға бағытталған. Орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары модульдерге интеграцияланған бакалавриат білім беру бағдарламаларының жеке модульдері немесе пәндері қосылған техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын зерттеуді қарастырады.

ЖБ ҰБШ деңгейлері

докторантура

магистратура

бакалавриат

ЕЖБК БШ деңгейлері

3-цикл

2-цикл

1-цикл

Қысқа цикл

3-сурет. ЖБ ҰБШ деңгейлерін ЕЖБК БШ деңгейлерімен салыстыру

ЖБ ҰБШ дескрипторлары санаттар (білім, дағдылар, жауапкершілік пен дербестік) мен деңгейлер бойынша бөлінген.

2,3,4-кестелер ЖБ ҰБШ дескрипторлары ЕЖБК БШ дескрипторларымен қалайша салыстырылатындығын көрсетеді.

2-кесте. ЖБ ҰБШ дескрипторларын ЕЖБК БШ дескрипторларымен салыстыру (бірінші цикл)

	<p align="center">ЖБ ҰБШ дескрипторлары</p> <p align="center">Бірінші циклдің бағдарламасын аяқтаған студенттер:</p>	<p align="center">ЕЖБК-БШ дескрипторлары</p> <p align="center">Біліктіліктер:</p>	<p align="center">Акад. кредиттер</p>
білім	<ul style="list-style-type: none"> - оқитын саласындағы фактілерді, құбылыстарды, теориялар мен олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білуі мен түсінуін; - оқитын саласындағы зерттеу әдістерін білуі мен түсінуін; - тұлғааралық өзара іс-қимыл мен кәсіптік қызметті іске асыру кезінде құқықтық, әлеуметтік және мәдени нормаларды білуін көрсетеді. 	<ul style="list-style-type: none"> - олардың жалпы орта біліміне негізделетін және әдетте оқулықтармен сақталып отыратын деңгейде орналасқан және оқыту саласындағы негізгі білімнің кейбір аспектілері кіретін оқыту саласында білімдері мен түсініктерін көрсеткен; - олардың жұмысында немесе бейімділіктерінде кәсіптік тәсілді көрсету үшін өз білімдері мен түсініктерін қолдана алатын, сондай-ақ, әдетте өз оқыту саласында құзыреттіліктерін көрсете алатын, аргументтерді әзірлеп, қолдай алатын және мәселелерді шеше алатын; - тиісті әлеуметтік, ғылыми немесе этикалық сұрақтардың бейнесі кіретін пайымды хабардар ету үшін тиісті деректерді (әдетте, оқыту саласының шеңберінде) жинауға және түсіндіруге мүмкіндіктері бар; - ақпаратты, идеяларды, мәселелерді және шешімдерді мамандарға да, маман еместерге де бере алатын; - дербестіктің жоғары дәрежесімен оқытуды одан әрі жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларын алған студенттерге беріледі. 	240
дағдылар	<ul style="list-style-type: none"> - оқитын саласында оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімдерін қолдануға; - әлеуметтік, ғылыми немесе этикалық сұрақтар бойынша пайым жасау үшін маңызды деректерді жинауға және түсіндіруге; - заманауи білім мен озық тәжірибені талдау негізінде кәсіби салада өнім жасауға қабілетті болады. 		
жауапкершілік және дербестік	<ul style="list-style-type: none"> - белгілі бір мәселелерді талқылау үшін әлеуметтік, академиялық және кәсіби ортада қарым-қатынасқа түсуге; - кәсіби және әлеуметтік мәселелер бойынша шешімдерді өз бетінше әзірлеуге, келісуге, қабылдауға және олар үшін жауап беруге; - одан әрі жеке және кәсіби даму үшін өз білімі мен мінез-құлқын сыни тұрғыдан бағалауға; - қоғамның, елдің және халықаралық қоғамдастықтың құндылықтық түсініктеріне жеке және әлеуметтік өзін-өзі анықтауын қалыптастыруға; - оқуды айтарлықтай дербестікпен жалғастыра алуға дайын болады. 		

**3-кесте. ЖБ ҰБШ дескрипторларын ЕЖБК БШ
дескрипторларымен салыстыру (екінші цикл)**

	<p align="center">ЖБ ҰБШ дескрипторлары</p> <p align="center">Екінші циклдің бағдарламасын аяқтаған студенттер:</p>	<p align="center">ЕЖБК-БШ дескрипторлары</p> <p align="center">Біліктіліктер:</p>	<p align="center">Акад. кредиттер</p>
білім	<ul style="list-style-type: none"> - оқитын саладағы және пәнаралық контекстегі мәселелерді шешу үшін жаңа және ең жаңа ғылыми тұжырымдамалар мен теорияларды білуін; - оқитын саладағы ғылыми зерттеу әдіснамасын білуін; - дизайн – ойлауды көрсетеді. 	<ul style="list-style-type: none"> • бірінші циклмен әдеттегі байланыстағы кеңейтілген және/немесе ұлғайтылған көлемге негізделген және көбінесе зерттеу контексіндегі идеяларды дамытуда және/немесе қолдануда жаңалық енгізу үшін негіз немесе мүмкіндікті қамтамасыз ететін білім мен түсінікті көрсеткен; 	120 (60/90)
дағдылар	<ul style="list-style-type: none"> - пәнаралық контекстегі күрделі стандартты емес ғылыми, әлеуметтік және этикалық міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімдерді қолдануға; - зерттейтін ғылыми және кәсіптік саладағы ең жаңа жетістіктерді сыни тұрғыдан бағалау, оларды өз зерттеулерінің контексінде қолдану мүмкіндігін қарастыруға; - ғылыми білімдер мен әдіснаманы синтездеу және интеграциялау негізінде жаңа және таныс емес контекстерде шешім қабылдауға; - инновациялық өнім жасау үшін ең жаңа теориялар, әдіснамалар мен технологиялар контексінде өзінің ғылыми зерттеулерін жүргізуге қабілетті болады. 	<ul style="list-style-type: none"> • өз білімі мен түсінігін жаңа немесе таныс емес ортада өзінің зерттеу саласына қатысты кеңірек (немесе көп салалы) контексте проблеманы шешу арқылы қолдана алатын; • білім мен күрделі практиканы үйлестіре алатын және олардың білімдері мен пайымдауларымен байланысты әлеуметтік және этикалық жауапкершіліктерді көрініс табатын толық емес немесе шектеулі ақпарат негізінде пікірлер тұжырымдай алатын; • өз тұжырымдары мен оларға негіз болатын білімдер мен түсініктемелерді көрермендерге, мамандарға және маман еместерге анық және бір мағынада жеткізе алатын; • оқуды айтарлықтай дәрежеде өзін-өзі бағыттайтындай немесе дербес бола алатындай етіп жалғастыруға мүмкіндік беретін оқу дағдылары бар студенттерге беріледі. 	
жауапкершілік және дербестік	<ul style="list-style-type: none"> - стандартты емес жағдайда идеялар туғызады және өз бетінше тиімді және оңтайлы шешім қабылдауға; - алынған ғылыми нәтижелер мен олардың әлеуметтік/экономикалық әсері үшін азаматтық жауапкершілікте болуға; - зерттеу нәтижелерін мамандарға және маман еместерге хабарлауға, оларды ғылыми пікірталастарда қорғауға; - топта жұмыс істей білуге және корпоративтік менеджменті жүзеге асыруға; - өз білімі мен іс-әрекетін сыни тұрғыдан бағалауға, жоғары дербестікпен оқуын жалғастыра алуға дайын болады. 		

4-кесте. ЖБ ҰБШ дескрипторларын ЕЖБК БШ дескрипторларымен салыстыру (үшінші цикл)

	ЖБ ҰБШ дескрипторлары	ЕЖБК-БШ дескрипторлары	Акад. кредиттер
білім	<p>Үшінші циклдің бағдарламасын аяқтаған студенттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - зерттеу саласында және көпсалалы контексте терең жүйелік білімді, өзекті мәселелер пайымын; - зерттеу және (немесе) инновациялар саласындағы маңызды міндеттерді шешудің әр түрлі әдістемелік және технологиялық тәсілдерін бағдарлауды көрсетеді. 	<p>Біліктіліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> • білім беру саласы туралы жүйелі түсінікті және осы саламен байланысты дағдылар шеберлігі мен зерттеу әдістерін білетіндігін көрсеткен; • ойлау, жобалау, жүзеге асыру және зерттеудің ағымдағы процесін академиялық тұтастықпен бейімдеу қабілеттерін көрсеткен; 	180
дағдылар	<ul style="list-style-type: none"> - ғылыми өріске ықпал ететін және оның шекарасын кеңейтетін өзіндік зерттеулер жүргізуге; - мәселенің өзектілігін дәлелдеуге, оның зерттеуін ғылыми тұтастықпен құруға; - докторлық зерттеудің негізделген және анық нәтижелері түрінде жаңа білімді қалыптастыруға; - жаңа және ең жаңа идеяларды, зерттеу тәсілдерін, уақыт сын-тегеуріндерін синтездеу негізінде салалық және пәнаралық зерттеулердің инновациялық бағдарламаларын әзірлеуге қабілетті болады. 	<ul style="list-style-type: none"> • білімнің шекарасын кеңейтетін, алынған зерттеулердің нәтижелерін айтарлықтай дамытатын, ал олардың кейбіреулері ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялануға лайық түпнұсқа зерттеулер арқылы үлес қосқан; • жаңа және күрделі идеяларды сыни талдауға, бағалауға және синтездеуге қабілетті; • алынған білім салаларында сарапшылармен, үлкен академиялық қоғамдастықпен және жалпы қоғаммен байланыс жасай алатын; • академиялық және кәсіптік контекст шеңберінде қоғам негізделетін технологиялық, әлеуметтік немесе мәдени білімдерді алға жылжытуға қабілетті болады деп күтілетін студенттерге беріледі. 	
жауапкершілік және дербестік	<ul style="list-style-type: none"> - жаңа және күрделі ғылыми идеяларды сыни тұрғыдан талдауға, бағалауға және синтездеуге және оларды жүзеге асыруға басшылық жасауға; - ғылыми басылымдарда және ғылыми қоғамдастық пен қоғам өкілдерімен пікірталастарда өз ұстанымдарын дәлелдеп көрсетуге; - академиялық және кәсіптік контексттер шеңберінде өңірдің және елдің технологиялық, әлеуметтік, мәдени дамуына жәрдемдесуге; - күрделі, стандартты емес жағдайларда оңтайлы шешімдер табуға; - дербестік, ғылыми және кәсіби мінсіздік пен жаңа идеяларды жасауға бейілділік көрсетуге дайын болады. 		

4. Жоғары білім берудің ұлттық біліктілік шеңберінің талдауы: ЕЖБК Біліктілік шеңберімен өзін-өзі сертификаттаудың өлшемшарттары мен рәсімдерін орындау

4.1 ЖБ ҰБШ-ны ЕЖБК Біліктілік шеңберімен келісуге арналған өлшемшарттар

1-өлшемшарт. *Жоғары білім берудің ұлттық біліктілік шеңберін және оны дамытуға жауапты органды/органдарды жоғары білім беруге жауапты ұлттық министрлік анықтайды.*

Ұлттық біліктілік шеңберін ведомствоаралық топ (3-қосымша) әзірлеп, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиясының 2019 жылғы 27 қарашадағы № 27 отырысында мақұлданды.

Ұлттық біліктілік шеңберін әзірлеу кезінде Болон процесі жөніндегі Жұмыс тобының ұсынымдары, шетелдік сарапшылардың консультациялары пайдаланылды. Мысалы, Волькер Гемлих ҰБШ 6-8 деңгейінің дескрипторлары кәсіптік қызметке басымдық беретіндігіне және бейресми мен информалды оқытуды қосуға мүмкіндік бермейтіндігіне назар аударды.

Ева Хмелецка барлық дескрипторлар оқыту нәтижесінің тілінде сипатталмағанын, деңгейден деңгейге дейінгі прогресс бақыланбайтындығын атап өтті. Глоссарий бойынша да сұрақтар бар.

Бұл сарапшыларға ұсынылған есептің нұсқасында өмір бойы оқуға арналған ҰБШ 6-8 деңгейлерінің дескрипторлары пайдаланылған. Сарапшылар ескертулерінің маңыздылығын ескере отырып, бұл дескрипторларды түбегейлі қайта қарап, жоғары білім беруге арналған біліктілік шеңберін жеке бөлу шешімі қабылданды.

Сарапшылардан алған ескертулер негізінде елеулі өзгерістер енгізілді.

2019 жылғы шілдеде Үкімет Біліктіліктер жөніндегі ұлттық кеңес және тұрақты жұмыс істейтін орган – Әлеуметтік-еңбек саласын дамыту жөніндегі жобалық кеңсе құрды. Ұлттық біліктілік жүйесін 2025 жылға дейін енгізу бойынша Жол картасы әзірленді. Кеңестің негізгі міндеті – Ұлттық біліктілік жүйесін еңбек нарығы мен кадрларды даярлау жүйесі арасындағы байланысты бекіту, сондай-ақ сертификаттау мен біліктіліктерді тану жүйесін құру және дамыту бойынша негізгі даму бағыттарын әзірлеу жөнінде ұсыныстар жасау.

Үкімет қабылдаған Ұлттық біліктілік жүйесін жаңарту бойынша Жол картасына сәйкес өмір бойы оқуға арналған ұлттық біліктілік шеңбері де 2025 жылға қарай жаңартылады. ЖБ ҰБШ дескрипторлары өмір бойы оқуға арналған ҰБШ үш жоғарғы деңгейлері үшін қолданылады.

Бұл есепте ЕЖБК БШ-мен салыстыратындықтан, ЖБ ҰБШ дескрипторларының салыстырмалылығының талдауы жеткілікті деп санаймыз.

2-өлшемшарт. *Ұлттық шеңбердегі біліктіліктер мен Еуропалық біліктілік шеңбері біліктіліктерінің дескрипторлары арасында айқын және анық байланыс бар.*

Жоғары білім берудің ұлттық біліктілік шеңберінің деңгейлері мен оның дескрипторлары ЕЖБК біліктілік шеңберінің 1-3 циклдеріне сәйкес келеді. Деңгейлер сәйкестігінің талдауы 3-тарауда ұсынылған. Оқыту нәтижелері олардың бірінші циклден үшінші циклге дейінгі дамуын ескере отырып, Блум таксономиясының негізінде қалыптастырылған (1 және 2-қосымшалар).

3-өлшемшарт. *Ұлттық шеңбер мен біліктіліктер оқыту нәтижелеріне негізделген, біліктіліктер ECTS немесе ECTS жүйесімен үйлесетін кредиттерімен байланысты;*

2011 жылғы 20 сәуірдегі Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың № 152 қағидалары (2018 жылғы 12 қазандағы өзгертулермен) ЖОО білім беру бағдарламаларын барлық циклдердегі оқыту нәтижелерінің негізінде әзірлеуін көздейді. Қазақстандық бір академиялық кредиттің еңбек сыйымдылығы (30 академиялық сағат) ECTS-тің 1 кредитіне сәйкес келетіні анық.

2019 жылғы жағдай бойынша барлық азаматтық ЖОО бүкіл 3 циклде – бакалавриатта, магистратурада және докторантурада кредиттік оқыту жүйесін пайдаланады.

4-өлшемшарт. *Ұлттық шеңберлерге біліктіліктерді кіргізу рәсімдері ашық болып табылады.*

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру біліктіліктері 2018 жылғы 27 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 500 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышына кіргізілген.

Ал жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге келсек, 2009 жылғы 20 наурызда Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің № 131-од Бұйрығымен **Қазақстан Республикасының жоғары және оғары оқу орнынан кейінгі мамандықтар сыныптауышы** бекітіліп, қолданысқа енгізілді. Алайда бұл жіктеуішке жаңа біліктіліктерді кіргізу бірқатар әкімшіліктің рәсімдермен күрделендірілді. Бұл жіктеуіш қазіргі уақытта жойылған.

Осыған байланысты, әкімшіліктік кедергілерді алып тастау мен жаңа біліктіліктерді енгізу процесінің бүкпесіздігін көтеру мақсатында 2018 жылғы қазаннан **Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы** енгізілді (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «13» қазандағы № 569 бұйрығы). Енді жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру біліктіліктері Білім беру бағдарламаларының Тізіліміне кіргізілген білім беру бағдарламаларымен анықталады.

«Білім туралы» ҚР Заңына 2018 жылғы 4 шілдедегі өзгерістерге сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеуді және бекітуді ЖОО өз бетінше мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жүйеге асырады. Студенттерді даярлау бойынша барлық білім беру бағдарламалары Білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізіледі. Ал ББ-ын Тізілімге кіргізу рәсімі ашық және Жоғары білім беруді басқарудың бірыңғай жүйесінің (ЖБББЖ) білім порталы арқылы жүзеге асырылады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы:

- қоғам мен әр азаматқа ашық қызметтің барлық түрлері мен салаларын көрсететін біліктіліктер бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесін құру;

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын әзірлеу үшін нормативтік негіз құру;

- еңбек нарығы мен халық сұранысымен ғылымның, техниканың және мәдениеттің жетістіктеріне сәйкес білімнің сапасын көтеруге және дамытуға жәрдемдесу;

- мемлекетаралық білім кеңістігін қалыптастыру үшін жағдай жасау;

- мамандықтардың, жұмыстар мен қызметтердің көптүрлілігі кезінде бірыңғай білім беру технологияларын әзірлеуге және енгізуге жәрдемдесу;

- республика экономикасының барлық салаларының жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарға қажеттіліктерін есептеу және оларды даярлауға негізделген мемлекеттік білім тапсырысын қалыптастыру үшін жағдай жасау;

- Мамандықтар жіктеуішіне сәйкес еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстарға байланысты жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында статистикалық есепке алу мен талдауды қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

Меншік формасы мен ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін білім және ғылым мекемелерінде оқыту жүргізілетін және кадрларды даярлайтын білім деңгейлері бойынша біліктіліктер мен академиялық дәрежелер жіктеменің объектілері болып табылады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы кәсіби дамуды да, сондай-ақ түрлі біліктіліктер арасында ауысуды да жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Алған біліктіліктер ҰБШ деңгейлерінің дескрипторларына сүйенетін салалық біліктілік шеңберіне (СБШ) кіргізіледі. Салалық біліктілік шеңберін әзірлеуді және қайта қарауды уәкілетті мемлекеттік органдар мен қызметтің тиісті салаларының жұмыс берушілері бірлестіктері іске асырады және әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиялар бекітеді.

Бұл ретте мемлекеттік органдар мен жұмыс берушілер бірлестіктері әзірлеген СБШ жобасы кәсіби қоғамдастық ортасында (жұмыс берушілер мен жұмыскерлер бірлестіктері, Салалық кеңестер) талқыланып, талқылау нәтижелерін есепке ала отырып пысықталады.

СБШ қабылдау рәсімі барлық мүдделі тараптармен келісудің көп сатылы процесін қамтиды. Әдетте СБШ жобасы Атамекен ҰКП сайтында талқылау үшін орналастырылады.

СБШ жобасы жұмыс берушілер мен жұмыскерлер бірлестіктерімен, Салалық кеңестермен (қажет болған жағдайда мүдделі мемлекеттік органдармен) келісіледі және уәкілетті мемлекеттік органға бекітуге ұсынылады.

5-өлшемшарт. *Жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің ұлттық жүйесі Ұлттық біліктілік құрылымымен байланысты және Берлин коммюникесіне және Болон процесінің аясында министрлер қабылдаған барлық кейінгі коммюникелерге сәйкес келеді.*

Қазақстанда білім сапасын сырттай және ішкі бақылауды қамтитын тұтас, көп деңгейлі Ұлттық білім сапасын бағалау жүйесі қалыптасты. 2011 жылдан Қазақстанда білім сапасын бағалау функциясы тәуелсіз ортаға берілген. Осыған байланысты тәуелсіз аккредиттеу рәсімі Еуропалық білім сапасының стандарттарымен (ESG) келісілген институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкес өтеді. Қазіргі уақытта қазақстандық аккредиттеу органдары өздерінің қолданыстағы аккредиттеу стандарттарына ESG жаңа нұсқасына сәйкес өзгерістер енгізді.

2016 жылғы 1 қарашадағы Аккредиттеу органдарының, соның ішінде шетелдік органдардың тану және танылған аккредиттелген органдардың, аккредиттелген білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларының тізілімін қалыптастырудың № 629 қағидалары қолданыста.

Қазақстандық агенттіктер – Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА), Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттік (БСКТА) Жоғары білімде сапаны қамтамасыз ету еуропалық қауымдастығында (ENQA) толық құқылы мүшелікке ие және Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі агенттіктердің еуропалық тізіліміне (EQAR) кіргізілген. Олардың бұл есепке пікірлері 8 және 9-қосымшаларда берілген.

6-өлшемшарт. *Ұлттық біліктілік шеңбері мен оның Еуропалық шеңберге байланыстырылуы барлық Дипломға қосымшаларда белгіленеді.*

2019 жылдан барлық қазақстандық ЖОО Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының 37 және 64-тармақтарына сәйкес міндетті тәртіппен түлектерге дипломға жалпы еуропалық қосымшаны (Diploma Supplement) ақысыз қоса береді.

Дипломға қосымша еуропалық жоғары білім кеңістігін (ЕНЕА) дамытудың маңызды бөлігі болып табылады. Осы құжат Қазақстанның «Еуропалық аймақтағы жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы

конвенцияны бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (Лиссабон, 1997 ж.) шеңберінде қабылдаған міндеттемелерін орындауға және Болон процесін іске асыруға жәрдемдеседі. Дипломға қосымша – еуропалық деңгейде стандартталған және ағылшын тілінде шығарылған, қарапайым терминдермен курсты және біліктілікті, олардың мазмұнын және деңгейін сипаттайтын қосымша құжат.

ECTS жүйесінде пайдаланылатын дипломға қосымша Еуропалық комиссия, Еуропа Кеңесі мен ЮНЕСКО/CEPES әзірлеген үлгіге сәйкес келеді және құжат қоса берілген біліктілік түпнұсқасында аталған тұлға өткен және табысты аяқтаған оқытудың сипаттамасын, деңгейін, мәнмәтінін, мазмұнын және мәртебесін қамтиды.

7-өлшемшарт. *Қатысушы тараптардың ұлттық шеңберге қатысты міндеттері нақты айқындалған және жарияланған.*

2016 жылғы Еңбек кодексіне сәйкес «ҰБШ-ін еңбек және білім министрліктері әзірлейді және әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық комиссия бекітеді». Республикалық комиссияға қатысушылар Қазақстан Республикасы Үкіметінің (7 адам), республикалық жұмыскерлер бірлестіктерінің (7 адам) және республикалық жұмыс берушілер бірлестіктерінің (7 адам) өкілдері болып табылады».

ҰБШ-ін әзірлеу мен енгізуге жауапты министрліктер ҚР БҒМ-мен бірлесе ҚР ЕХӘҚМ болып табылады.

Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ҚР Еңбек кодексіне сәйкес 2016 жылғы 1 қаңтардан салалық жұмыс берушілер бірлестіктері әзірлеген кәсіптік стандарттарды бекітеді.

ҰБШ, сондай-ақ кәсіптік стандарттарды әзірлеу және бекіту бойынша нормативтік құжаттар мен әдістемелік ұсынымдар, бекітілген салалық біліктілік шеңберлерінің тізімі, кәсіптік стандарттардың жобалары мен бастамашылық жобалары, бекітілген кәсіптік стандарттар, Кәсіптік стандарттардың тізілімі, сондай-ақ Сертификаттау орталықтарының тізілімі «Атамекен» ҰКП сайтында орналасқан (<https://atameken.kz/ru/services/16>).

Білім беру бағдарламаларының тізілімі ҚР БҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының сайтында бар (<https://enic-kazakhstan.kz/>).

4.2 Ұлттық біліктілік шеңберінің ЕЖБК Біліктілік шеңберімен келісімділігін тексеру рәсімдері

2005 жылы Бергенде біліктілік құрылымдары бойынша жұмыс тобының отырысында талқыланып, 2007 жылы Лондонда жоғары білім министрлері кеңесінде қабылданды.

1-рәсім. Құзыретті ұлттық орган/органдар ұлттық біліктілік шеңбері мен Еуропалық біліктілік шеңберінің үйлесімділігін куәландырады. Қазақстан

Республикасының Білім және ғылым министрі ЖБ ҰБШ-нің ЕЖБК БШ-мен үйлесімділігін ресми түрде растайды (7-қосымша).

2-рәсім. Өзін-өзі сертификаттау процесіне Болон процесінің аясында танылған сапаны қамтамасыздандыру органының ресми растауы кіруі керек. Қазақстандық агенттіктер – Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА), Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттік (БСҚТА) Жоғары білімде сапаны қамтамасыз ету еуропалық қауымдастығында (ENQA) толық құқылы мүшелікке ие.

Агенттіктер Еуропалық жоғары білім кеңістігінде 2015 жылғы Сапаны қамтамасыз ету саласындағы еуропалық стандарттар мен ұсынымдарды (ESG) пайдаланады.

Жалпы қазақстандық білім беру жүйесі ESG талаптарына сай. ЖОО мен білім беру бағдарламаларын аккредиттеуге дайындық барысында барлық қазақстандық ЖОО өз-өзін бағалаудан өтеді. Қазақстандық ЖОО-лардың көбінде сапаны көтеру бойынша іс-шаралар кіретін даму стратегиялары қалыптасады.

АРТА мен БСҚТА аккредиттеу агенттіктері өзін-өзі сертификаттау процесіне (есепті талқылау мен әзірлеуге) қатысты және барлық белгіленген талаптарға сәйкестікті ресми түрде растайды (8,9-қосымшалар).

3-рәсім. *Өзін-өзі сертификаттау процесі халықаралық сарапшылардың қатысуымен өтуі керек.*

Есепті жазуға дайындық кезінде және өзін-өзі сертификаттау рәсімі кезінде мына халықаралық сарапшылар бірнеше кезеңде жәрдем көрсетті: Байба Рамина (Baiba Ramina), Академиялық ақпараттық орталық директоры, Латвия; Волькер Гемлих (Volker Gemlich) – Германия; Ева Хмелецка (Eva Khmeletcka) – Білім беруді зерттеу институты, Польша. ЖБ ҰБШ Болон процесінің аясындағы өзін-өзі сертификаттау және ECTS жөніндегі А жұмыс тобының (тең төрағалары: Карита Блумквист (Carita Blomqvist) – Финляндия; Люси Троянова (Lucie Trojanová) - Чехия) отырысында таныстырылды.

Олар деңгейлердің дескрипторларын оқыту нәтижесінің тілінде сипаттау қажет екенін; ҰБШ-ін әзірлеу мен іске асыру процесіне академиялық және кәсіби қоғамдастықтың жеткіліксіз тартылуын; ҰБШ дескрипторларында кәсіптік қызметке артық басымдық берілгенін, ал ЕЖБК БШ-де оқытуды да қарастыратынын атап өтті.

ЖБ ҰБШ есебінің елеулі түрде қайта жасалған нұсқасы 2020 жылғы Болон процесінің аясындағы өзін-өзі сертификаттау және ECTS жөніндегі А жұмыс тобының (тең төрағалары: Карита Блумквист (Carita Blomqvist) – Финляндия; Люси Троянова (Lucie Trojanová) – Чехия) 2-отырысында таныстырылды. Сараптамалық қорытынды алу үшін есеп мына сарапшыларға да жіберілді: Baiba Ramina, Академиялық ақпарат орталығының директоры, Латвия; Volker Gemlich, Оснабрюк Қолданбалы ғылымдар университеті, Германия. Олардың пікірлері қоса берілген.

4-рәсім. *Өзін-өзі сертификаттауды растайтын деректер белгіленген әр өлшемшартқа ұсынылып, жариялануы тиіс.*

Әр белгіленген өлшемшарт үшін деректер мен өзін-өзі сертификаттау бойынша есеп БПЖАҰО сайтында ұсынылған және жарияланған https://enic-kazakhstan.kz/en/analytical_materials/nacionalnaya-ramka-kvalifikacii-vysshego-obrazovaniya-1

5-рәсім. *ENIC және NARIC желілері өзін-өзі сертификаттау процесін аяқтағанын растаған мемлекеттердің жалпыға қолжетімді тізімін жүргізеді (www.enic-naric.net).*

Есеп БПЖАҰО сайтында қолжетімді (https://enic-kazakhstan.kz/en/analytical_materials/nacionalnaya-ramka-kvalifikacii-vysshego-obrazovaniya-1).

BFUG-ке ұсынылған есеп ашық қолжетімділікте жарияланады және ENIC NARIC желісіне ұсынылады.

Болон процесінің Жұмыс тобы қабылдаған есеп ашық қолжетімділікте жарияланады және деректер ENIC NARIC желісіне ұсынылады.

6-рәсім. *Өзін-өзі сертификаттау процесін аяқтау Дипломға қосымшада Ұлттық біліктілік шеңбері мен Еуропалық біліктілік шеңбері арасындағы байланысты көрсету жолымен белгіленуі керек.*

Өзін-өзі сертификаттау процесі аяқталған бетте, ол туралы ақпарат Дипломға қосымшаға ресми түрде енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Жоғары білім берудің ұлттық біліктілік шеңбері (ЖБ ҰБШ)

Білім беру циклдері	Білім	Дағдылар	Жауапкершілік пен дербестік	Академиялық кредиттер
<i>Циклді аяқтаған түлектер</i>				
бірінші (бакалавриат)	<p>- оқитын саласындағы фактілерді, құбылыстарды, теориялар мен олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білуі мен түсінуін;</p> <p>- оқитын саласындағы зерттеу әдістерін білуі мен түсінуін;</p> <p>- тұлғааралық өзара іс-қимыл мен кәсіптік қызметті іске асыру кезінде құқықтық, әлеуметтік және мәдени нормаларды білуін <i>көрсетеді</i>.</p>	<p>- оқитын саласында оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімдерін қолдануға;</p> <p>- әлеуметтік, ғылыми немесе этикалық сұрақтар бойынша пайым жасау үшін маңызды деректерді жинауға және түсіндіруге;</p> <p>- заманауи білім мен озық тәжірибені талдау негізінде кәсіби салада өнім жасауға <i>қабілетті болады</i>.</p>	<p>- белгілі бір мәселелерді талқылау үшін әлеуметтік, академиялық және кәсіби ортада қарым-қатынасқа түсуге;</p> <p>- кәсіби және әлеуметтік мәселелер бойынша шешімдерді өз бетінше әзірлеуге, келісуге, қабылдауға және олар үшін жауап беруге;</p> <p>- одан әрі жеке және кәсіби даму үшін өз білімі мен мінез-құлқын сыни тұрғыдан бағалауға;</p> <p>- қоғамның, елдің және халықаралық қоғамдастықтың құндылықтық түсініктеріне жеке және әлеуметтік өзін-өзі анықтауын қалыптастыруға;</p> <p>- оқуды айтарлықтай дербестікпен жалғастыра алуға <i>дайын болады</i>.</p>	240
екінші (магистратура)	<p>- оқитын саладағы және пәнаралық контекстегі мәселелерді шешу үшін жаңа және ең жаңа ғылыми тұжырымдамалар мен теорияларды білуін;</p> <p>- оқитын саладағы ғылыми зерттеу әдіснамасын білуін;</p> <p>- дизайн – ойлауды <i>көрсетеді</i>.</p>	<p>- пәнаралық контекстегі күрделі стандартты емес ғылыми, әлеуметтік және этикалық міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімдерді қолдануға;</p> <p>- зерттейтін ғылыми және кәсіптік саладағы ең жаңа жетістіктерді сыни тұрғыдан бағалау, оларды өз</p>	<p>- стандартты емес жағдайда идеялар туғызады және өз бетінше тиімді және оңтайлы шешім қабылдауға;</p> <p>- алынған ғылыми нәтижелер мен олардың әлеуметтік/экономикалық әсері үшін азаматтық жауапкершілікте болуға;</p>	120 (60/90)

		<p>зерттеулерінің контексінде қолдану мүмкіндігін қарастыруға;</p> <p>- ғылыми білімдер мен әдіснаманы синтездеу және интеграциялау негізінде жаңа және таныс емес контекстерде шешім қабылдауға;</p> <p>- инновациялық өнім жасау үшін ең жаңа теориялар, әдіснамалар мен технологиялар контексінде өзінің ғылыми зерттеулерін жүргізуге <i>қабілетті болады.</i></p>	<p>- зерттеу нәтижелерін мамандарға және маман еместерге хабарлау, оларды ғылыми пікірталастарда қорғауға;</p> <p>- топта жұмыс істей білуге және корпоративтік менеджменті жүзеге асыруға;</p> <p>- өз білімі мен іс-әрекетін сыни тұрғыдан бағалауға, жоғары дербестікпен оқуын жалғастыра алуға <i>дайын болады.</i></p>	
екінші (резидентура)	<p>- зерттеу саласында және көпсалалы контексте терең жүйелік білімді, өзекті мәселелер пайымын;</p> <p>- аурулардың дамуының іргелі ғылыми қағидаттарын және дәлелді медициналық практиканың қағидаттарын білуін <i>көрсетеді;</i></p>	<p>- пәнаралық контексте өздерінің медициналық практикасындағы күрделі мәселелерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдануға;</p> <p>- медицина ғылымы мен практикасының соңғы жетістіктерін сыни тұрғыдан бағалауға, оларды өзінің медициналық қызметі аясында қолдану мүмкіндігін қарастыруға;</p> <p>- өзінің практикалық тәжірибесі мен қолда бар ғылыми дәлелдердің синтезі мен интеграциясы негізінде жаңа және таныс емес жағдайларда шешім қабылдауға;</p> <p>- медициналық практика мәселелерін тиімді шешу үшін жаңа теориялар, әдіснамалар мен технологиялар аясында кәсіби қызметті жүзеге асыруға <i>қабілетті болады.</i></p>	<p>- медициналық практикада тиімді және оңтайлы шешімді өз бетінше қабылдауға;</p> <p>- кәсіби қызметтің нәтижелері мен олардың медициналық және әлеуметтік әсеріне жауапты болуға;</p> <p>- кәсіби қызмет нәтижелерін мамандарға және маман еместерге хабарлауға, оларды ғылыми және кәсіби пікірталастарда қорғауға;</p> <p>- командада жұмыс істей білуге, ішкі кәсіптік және кәсіпаралық өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;</p> <p>- өз білімі мен іс-әрекетін сыни тұрғыдан бағалауға, жоғары дербестікпен оқуын жалғастыра алуға <i>дайын болады.</i></p>	140

<p style="text-align: center;">үшінші (докторантура)</p>	<p>- зерттеу саласында және көпсалалы контексте терең жүйелік білімді, өзекті мәселелер пайымын;</p> <p>- зерттеу және (немесе) инновациялар саласындағы маңызды міндеттерді шешудің әр түрлі әдістемелік және технологиялық тәсілдерін бағдарлауды <i>көрсетеді</i>.</p>	<p>- ғылыми өріске ықпал ететін және оның шекарасын кеңейтетін өзіндік зерттеулер жүргізуге;</p> <p>- мәселенің өзектілігін дәлелдеуге, оның зерттеуін ғылыми орындылықпен және тұтастықпен құруға;</p> <p>- докторлық зерттеудің негізделген және анық нәтижелері түрінде жаңа білімді қалыптастыруға;</p> <p>- жаңа және ең жаңа идеяларды, зерттеу тәсілдерін, уақыт сын-тегеуріндерін синтездеу негізінде салалық және пәнаралық зерттеулердің инновациялық бағдарламаларын әзірлеуге <i>қабілетті болады</i>.</p>	<p>- жаңа және күрделі ғылыми идеяларды сыни тұрғыдан талдауға, бағалауға және синтездеуге және оларды жүзеге асыруға басшылық жасауға;</p> <p>- ғылыми басылымдарда және ғылыми қоғамдастық пен қоғам өкілдерімен пікірталастарда өз ұстанымдарын дәлелдеп көрсетуге;</p> <p>- академиялық және кәсіптік контексттер шеңберінде өңірдің және елдің технологиялық, әлеуметтік, мәдени дамуына жәрдемдесуге;</p> <p>- күрделі, стандартты емес жағдайларда оңтайлы шешімдер табуға;</p> <p>- дербестік, ғылыми және кәсіби мінсіздік пен жаңа идеяларды жасауға бейілділік көрсетуге <i>дайын болады</i>.</p>	<p style="text-align: center;">180</p>
--	---	--	--	---

Дескрипторларды циклдар бойынша салыстыру

	Бірінші цикл	Екінші цикл	Үшінші цикл
	<i>көрсететіндері:</i>		
Білімі	<ul style="list-style-type: none"> - оқитын саласындағы фактілерді, құбылыстарды, теориялар мен олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білуі мен түсінуі; - оқитын саласындағы зерттеу әдістерін білуі мен түсінуі; - тұлғааралық өзара іс-қимыл мен кәсіптік қызметті іске асыру кезінде құқықтық, әлеуметтік және мәдени нормаларды білуі. 	<ul style="list-style-type: none"> - оқитын саладағы және пәнаралық контекстегі мәселелерді шешу үшін жаңа және ең жаңа ғылыми тұжырымдамалар мен теорияларды білуі; - оқитын саладағы ғылыми зерттеу әдіснамасын білуі; - дизайн – ойлау. 	<ul style="list-style-type: none"> - зерттеу саласында және көпсалалы контексте терең жүйелік білімді, өзекті мәселелер пайымы; - зерттеу және (немесе) инновациялар саласындағы маңызды міндеттерді шешудің әр түрлі әдістемелік және технологиялық тәсілдерін бағдарлауы.
	<i>қабілетті:</i>		
Дағдылары	<ul style="list-style-type: none"> - оқитын саласында оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімдерін қолдану; - әлеуметтік, ғылыми немесе этикалық сұрақтар бойынша пайым жасау үшін маңызды деректерді жинау және түсіндіру; - заманауи білім мен озық тәжірибені талдау негізінде кәсіби салада өнім жасау. 	<ul style="list-style-type: none"> - пәнаралық контекстегі күрделі стандартты емес ғылыми, әлеуметтік және этикалық міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімдерді қолдану; - зерттейтін ғылыми және кәсіптік саладағы ең жаңа жетістіктерді сыни тұрғыдан бағалау, оларды өз зерттеулерінің контекстінде қолдану мүмкіндігін қарастыру; - ғылыми білімдер мен әдіснаманы синтездеу және интеграциялау негізінде жаңа және таныс емес контекстерде шешім қабылдау; 	<ul style="list-style-type: none"> - ғылыми өріске ықпал ететін және оның шекарасын кеңейтетін өзіндік зерттеулер жүргізу; - мәселенің өзектілігін дәлелдеу, оның зерттеуін ғылыми тұтастықпен құру; - докторлық зерттеудің негізделген және анық нәтижелері түрінде жаңа білімді қалыптастыру; - жаңа және ең жаңа идеяларды, зерттеу тәсілдерін, уақыт сын-тегеуріндерін синтездеу негізінде салалық және пәнаралық зерттеулердің инновациялық бағдарламаларын әзірлеу.

		- инновациялық өнім жасау үшін ең жаңа теориялар, әдіснамалар мен технологиялар контексінде өзінің ғылыми зерттеулерін жүргізу.	
	<i>дайын болатындары:</i>		
Жауапкершілігі мен дербестігі	<ul style="list-style-type: none"> - белгілі бір мәселелерді талқылау үшін әлеуметтік, академиялық және кәсіби ортада қарым-қатынасқа түсу; - кәсіби және әлеуметтік мәселелер бойынша шешімдерді өз бетінше әзірлеу, келісу, қабылдау және олар үшін жауап беру; - одан әрі жеке және кәсіби даму үшін өз білімі мен мінез-құлқын сыни тұрғыдан бағалау; - қоғамның, елдің және халықаралық қоғамдастықтың құндылықтық түсініктеріне жеке және әлеуметтік өзін-өзі анықтауын қалыптастыру; - оқуды айтарлықтай дербестікпен жалғастыра алу. 	<ul style="list-style-type: none"> - стандартты емес жағдайда идеялар туғызу және өз бетінше тиімді және оңтайлы шешім қабылдау; - алынған ғылыми нәтижелер мен олардың әлеуметтік/экономикалық әсері үшін азаматтық жауапкершілікте болу; - зерттеу нәтижелерін мамандарға және маман еместерге хабарлау, оларды ғылыми пікірталастарда қорғау; - топта жұмыс істей білу және корпоративтік менеджменті жүзеге асыру; - өз білімі мен іс-әрекетін сыни тұрғыдан бағалау, жоғары дербестікпен оқуын жалғастыра алу. 	<ul style="list-style-type: none"> - жаңа және күрделі ғылыми идеяларды сыни тұрғыдан талдау, бағалау және синтездеу және оларды жүзеге асыруға басшылық жасау; - ғылыми басылымдарда және ғылыми қоғамдастық пен қоғам өкілдерімен пікірталастарда өз ұстанымдарын дәлелдеп көрсету; - академиялық және кәсіптік контексттер шеңберінде өңірдің және елдің технологиялық, әлеуметтік, мәдени дамуына жәрдемдесу; - күрделі, стандартты емес жағдайларда оңтайлы шешімдер табу; - дербестік, ғылыми және кәсіби мінсіздік пен жаңа идеяларды жасауға бейілділік көрсету.
Академия-лық кредиттер	240	120 (60/90)	180

Жоғары білім берудің ұлттық біліктілік шеңберін әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамы

№	Аты-жөні	Лауазымы
1.	Жақыпова Фатима Надырқызы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі, төрайым
2.	Тойбаев Әділет Жүнісұлы	ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры
3.	Нарбекова Бану Мұхатайқызы	ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директорының орынбасары
4.	Ширгатов Рауза Рауильевна	ҚР БҒМ Техникалық және кәсіптік білім департаменті Әріптестік және халықаралық жобалар басқармасының басшысы
5.	Жұбанова Динара Алдабергенқызы	ЕХӘҚМ Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту және еңбек нарығын жоспарлау департаментінің директоры (келісім бойынша)
6.	Жазетова Ғалима Мұратқызы	ЕХӘҚМ Еңбекті нормалау және ұлттық біліктілік жүйесін енгізу басқармасының басшысы (келісім бойынша)
7.	Құлтуманова Алмагүл Жабатайқызы	ҚР БҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының директоры
8.	Нұрмағамбетов Амантай Әбілхайырұлы	ҚР БҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының директорының кеңесшісі
9.	Ақышева Айсұлу Кеңесқызы	ҚР БҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының бас сарапшы-аналитигі
10.	Күзенбаев Ермек Бақытұлы	«Кәсіпкор» холдингі» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы Басқармасы Төрағасының міндетін атқарушы
11.	Алшанов Рахман Алшанұлы	«Тұран» университетінің ректоры, Қазақстан Республикасы ЖОО қауымдастығының президенті
12.	Өмірбаев Серік Мәуленұлы	М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры
13.	Ахмед-Зәки Дархан Жұмақанұлы	Халықаралық бизнес университетінің ректоры
14.	Жарасова Гүлжан Сағидоллақызы	Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Оқу ісі жөніндегі проректоры
15.	Жетесова Гүлнар Сантайқызы	Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің Оқу ісі жөніндегі проректоры
16.	Қарғин Серғали Төлеубекұлы	Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Оқу ісі жөніндегі проректоры
17.	Сырымбетова Ляйля Сарқытқызы	Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры
18.	Екшембеева Людмила Владимировна	әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры
19.	Шонаева Ләззат Жаббарқызы	«Атамекен» ҰКП Адами капиталды дамыту департаменті директорының орынбасары (келісім бойынша)
20.	Жұматаев Данияр Вячеславович	«Атамекен» ҰКП Адами капиталды дамыту департаментінің сарапшысы (келісім бойынша)
21.	Исабеков Марат Ұланұлы	«Kazlogistics» Корпоративтік қорының директоры (келісім бойынша)

22.	Байжумова Альвина Зулхановна	HR-менеджерлер қауымдастығы жалпы жиналысының төрайымы, Umbrella компаниясы (келісім бойынша)
23.	Увалеев Жоламан Есемсиитович	АТ компанияларының қазақстандық қауымдастығының атқарушы директоры (келісім бойынша)
24.	Ахмурзина Ләззат Жексенбайқызы	«KAZENERGY» Қауымдастығының адами капиталды дамыту жөніндегі атқарушы директоры (келісім бойынша)
25.	Қазембекова Лаура Нүркенқызы	«KAZENERGY» Қауымдастығының Адами капиталды дамыту департаментінің жетекші сарапшысы (келісім бойынша)
26.	Зайтова Светлана Александровна	ӨРҰ ЗТБ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ РЕГИСТР Президенті (келісім бойынша)

«Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша бірінші циклды оқыту нәтижелерінің мысалдары

ҰБШ дескрипторлары (6 деңгей)	ЖБ ҰБШ бірінші циклінің жалпы дескрипторлары	Бакалавриат біліктілігіне арналған СБШ дескрипторлары	Оқыту нәтижелерінің мысалдары
білім <i>Түлек көрсетеді</i>			
Кәсіби саладағы кең ауқымды теориялық және практикалық білім	<ul style="list-style-type: none"> - оқитын саласындағы фактілерді, құбылыстарды, теориялар мен олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білуі мен түсінуі; - оқитын саласындағы зерттеу әдістерін білуі мен түсінуі; - тұлғааралық өзара іс-қимыл мен кәсіптік қызметті іске асыру кезінде құқықтық, әлеуметтік және мәдени нормаларды білуі. 	Әдетте бакалавр деңгейімен ассоциацияланатын, идеяны, көбінесе зерттеу контексіндегі идеяны әзірлеу және/немесе қолдану кезінде сонылықты көрсету үшін негізін қалайтын немесе мүмкіндік беретін шектеуден шығатын және/немесе тереңдететін білім мен түсінікке негізделген білім мен түсініктер. Бірлескен талдау, жобалау және күрделі кәсіби жағдайларда шешім қабылдау әдіснамасы, коммуникация мен көзқарастарды келісу, аналитикалық және жобалық құжаттамаларды безендіру мен таныстыру әдістерді туралы білім.	Осы білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін студенттер: <ul style="list-style-type: none"> - есептерді сипаттау, талдау және шешудің математикалық әдістерін таңдауды негіздеуге; - бағдарламалық жасақтаманың негізгі стандарттарын, әдістемесі мен жобалау үлгілерін, әдістерін, құралдары мен бағдарламалау тілдерін, ақпараттық қауіпсіздік құралдарын таңдауын дәлелдеуге; - бағдарламалық жасақтаманы әзірлеудің іргелі қағидаттарын, соның ішінде бағдарламалау парадигмаларын, мәліметтер құрылымын, алгоритмдерді сипаттауды және олардың күрделілігін бағалауды түсіндіруге қабілетті болады деп күтілуде.

дағдылар <i>Түлек қабілетті</i>			
Теориялық және практикалық білімдерді қолдана отырып, кәсіби мәселелерді шешудің әртүрлі нұсқаларын дербес әзірлеу және шығару	- оқитын саласында оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімдерін қолдану; - әлеуметтік, ғылыми немесе этикалық сұрақтар бойынша пайым жасау үшін маңызды деректерді жинау және түсіндіру; - заманауи білім мен озық тәжірибені талдау негізінде кәсіби салада өнім жасау.	Оқитын саладағы ең озық білім элементтерін қоса алғанда, оқу саласындағы білім мен түсінікті көрсету. Жұмыс процесін басқару дағдыларының жиынтығын, нәтижелерді алу үшін әдістерді, әдістемелерді және бағалау өлшемшарттарын таңдай білуді, өкілеттіктерді бөлу және беру, командалар құруды, сондай-ақ өндіріс процесінде шешім қабылдау қабілеттерін көрсету.	- Қолданушы интерфейсіне, қосымшалардың аппараттық және бағдарламалық жасақтама конфигурациясына қойылатын негізгі талаптарға кешенді талдау жүргізу. - Бағдарламалық жасақтаманы жобалау, әзірлеу, тестілеу, күйін келтіру және енгізу жұмыстарын орындау. - Икемді әдіснама мен желілік қауіпсіздік қағидаттарының негізінде эргономикалық қолданушы интерфейсімен веб және мобильді қосымшаларды әзірлеу, жаңа шешімдер жасау. - Ресурстарды қажет ететін міндеттерді шешу үшін параллель және үлестірілген есептеу технологияларын қолдану. - Шынайы мәселелерді шешу үшін жасанды интеллект тәсілдерін және үлкен деректерді талдау мен өңдеу әдістерін қолдану. - Пайдаланушының талаптарына жауап беретін сенімді бағдарламалық жасақтама жасау. - Деректерді басқару, бағдарлама кодын тестілеу, жұмысқа қабілеттілігін тексеру және рефакторингті орындау. - жаңа технологияларды қолданыстағы қосымшалармен интеграциялау үшін инновациялық шешімдер әзірлеу.
жауапкершілік пен дербестік <i>Түлек дайын</i>			
Ұйымның стратегиясы, саясаты және мақсаттары шеңберінде еңбек және оқу	- белгілі бір мәселелерді талқылау үшін әлеуметтік, академиялық және кәсіби ортада қарым-қатынасқа түсу;	Жағдайды немесе ақпаратты талдау әр түрлі факторларды бағалауды қажет ететін күрделі міндеттер	- Әлеуметтік, этикалық және мәдени айырмашылықтарды төзімділікпен қабылдай отырып,

<p>қызметі процестерін өз бетінше басқару және бақылау, проблеманы талқылау, қорытындыларды дәлелдеу және ақпараттармен сауатты жұмыс істеу.</p>	<p>- кәсіби және әлеуметтік мәселелер бойынша шешімдерді өз бетінше әзірлеу, келісу, қабылдау және олар үшін жауап беру; - одан әрі жеке және кәсіби даму үшін өз білімі мен мінез-құлқын сыни тұрғыдан бағалау; - қоғамның, елдің және халықаралық қоғамдастықтың құндылықтық түсініктеріне жеке және әлеуметтік өзін-өзі анықтауын қалыптастыру; - оқуды айтарлықтай дербестікпен жалғастыра алу.</p>	<p>бойынша жұмыстарды қамтитын кәсіпорынның қызмет стратегиясы шеңберіндегі басқару (монтаждау және іске қосу, өндірістік-технологиялық, пайдалану, қызмет көрсету) қызметіне, сондай-ақ команданы басқаруға; технологиялық процестің нақты бір учаскесіндегі нәтиже үшін жауапкершілік алуға; шешімдерді таңдау мен алуан түрлі әдістерін қарастыратын мәселелерді шешуге.</p>	<p>топта жұмыс істеу, өз іс-әрекетін, ұжым қызметін сыни тұрғыдан бағалау. - Жұмыс дискуссиясында өзінің технологияларды, үлкен дерекқорларды талдау әдістерін және т.с.с. таңдауын дәлелдеп қорғау. Бұл ақпаратты мамандарға да, маман еместерге де хабарлау. - Өз кәсіби деңгейін сыни тұрғыдан бағалау, одан әрі өзін-өзі жетілдіру траекториясын анықтау.</p>
--	--	---	--

«Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша екінші циклды оқыту нәтижелерінің мысалдары

ҰБШ әмбебап дескрипторлары (7 деңгей)	ЖБ ҰБШ екінші циклінің жалпы дескрипторлары	Магистратура біліктілігіне арналған СБШ дескрипторлары	Оқыту нәтижелерінің мысалдары
БІЛІМ <i>Түлек көрсетеді</i>			
Ғылым мен кәсіби қызмет саласындағы тұжырымдамалық білім, кәсіби салада жаңа қолданбалы білім жасау.	- оқитын саладағы және пәнаралық контекстегі мәселелерді шешу үшін жаңа және ең жаңа ғылыми тұжырымдамалар мен теорияларды білуі; - оқитын саладағы ғылыми зерттеу әдіснамасын білуі; - дизайн – ойлау.	Кәсіби жағдайларды жүйелі талдау және жобалау, басқару шешімдерін қабылдау әдістері туралы білім. Жобалық қызметтің тіршілік циклін, бағдарламалық өнімдерді әзірлеу қағидаларын, компанияның негізгі бизнес-процестерін, персоналды басқару негіздерін, өндірісті, менеджментті, басқару психологиясын, ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін білуі.	Осы білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін студенттер: - Осы ғылыми салада ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау қағидаларын біледі; - Алгоритмдердің есептеу күрделілігін бағалау әдістерін сипаттауға; - Оларға тән шектеулерді назарға ала отырып, бағдарламалық жасақтаманы жобалау және әзірлеу әдістерін, бағдарламалау тілін таңдауға қабілетті болады деп күтілуде.
ДАҒДЫЛАР <i>Түлек қабілетті</i>			
Кәсіби қызметтің мақсатын өз бетімен анықтау және оларға жетудің барабар әдістері мен құралдарын таңдау. Жаңа білім алу бойынша	- пәнаралық контекстегі күрделі стандартты емес ғылыми, әлеуметтік және этикалық міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімдерді қолдану;	Сонылық даму немесе идеяларды қолдану үшін негіз немесе мүмкіндік болып табылатын, бакалавр деңгейінде алынған шегінен шығатын және/немесе дамытатын білім мен түсініктерге негізделген	- Міндеттерді модельдеу және деректерді жинау, сақтау, талдау және басқару үшін жаңа құралдар мен қосымшалар әзірлеу. - Сенімділік пен қауіпсіздікке басымдық бере отырып, озық тораптық компьютерлік жүйелері әзірлеу.

<p>ҒЫЛЫМИ, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ АТҚАРУ</p>	<p>- зерттейтін ғылыми және кәсіптік саладағы ең жаңа жетістіктерді сыни тұрғыдан бағалау, оларды өз зерттеулерінің контексінде қолдану мүмкіндігін қарастыру; - ғылыми білімдер мен әдіснаманы синтездеу және интеграциялау негізінде жаңа және таныс емес контекстерде шешім қабылдау; - инновациялық өнім жасау үшін ең жаңа теориялар, әдіснамалар мен технологиялар контексінде өзінің ғылыми зерттеулерін жүргізу.</p>	<p>білім мен түсініктерді көрсету. Оқитын саласымен байланысты кеңірек (немесе пәнаралық) салалар аясында жаңа немесе таныс емес жағдайлар мен контекстерде білімді, түсінікті және проблемаларды шешу қабілетін қолдану.</p>	<p>- Жоғары өнімділікті ғылыми есептеулер жасау, параллель есептеу жүйелерінің өнімділігін бағалау. - түрлі пәндік салалардың мәселелерін шешу үшін бейнелерді тану теориясын және машиналық оқыту әдістерін қолдану. - Проблемалық құрауыштарды анықтап, шешу стратегияларын таңдай отырып, қолданыстағы бағдарламалық жасақтаманы қайта құрылымдау. - Түпкілікті өнімді бағдарлайтын ортада зерттеулер жүргізу және әзірлеуді орындау, қабылдайтын стратегиялық шешімдерді ғылыми тұрғыдан негіздеу. - Ақпараттың түрлі көздерін талдау және оларға сыни тұрғыдан қарау, оларды пайымдамаларды құрылымдау және тұжырымдау үшін қолдану. - Өз бетімен ғылыми зерттеулер жүргізу: зерттеудің ағымдағы мәселелерін түсіну, жарияланған нәтижелерді немесе әдістерді жаңа контексте өз бетімен қолдану.</p>
---	--	---	---

ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ДЕРБЕСТІК

Түлек дайын

<p>Бөлімшенің немесе ұйымның стратегиясын, қызметін айқындау. Бөлімшелер деңгейінде шешім қабылдау және жауапкершілік алу.</p>	<p>- стандартты емес жағдайда идеялар туғызу және өз бетінше тиімді және оңтайлы шешім қабылдау; - алынған ғылыми нәтижелер мен олардың әлеуметтік/экономикалық әсері үшін азаматтық жауапкершілікте болу; - зерттеу нәтижелерін мамандарға және маман еместерге хабарлау, оларды ғылыми пікірталастарда қорғау;</p>	<p>Өз бетімен жағдайды немесе ақпаратты талдау әр түрлі факторларды бағалауды қажет ететін күрделі міндеттер бойынша жұмыстарды қарастыратын басқару қызметін (монтаждау және іске қосу, өндірістік-технологиялық, пайдалану, қызмет көрсету), сондай-ақ команданы басқаруды жүзеге асыру.</p>	<p>- Зерттеу тобын басқару: қажетті құралдарды бағалау, міндеттерді бөлу, міндеттерді атқару уақытын жоспарлау, есептер ұсыну. - Диссертацияны талқылау және қорғау кезінде зерттеу нәтижелерін дәлелдеп қорғау.</p>
--	--	--	--

	<p>- топта жұмыс істей білу және корпоративтік менеджменті жүзеге асыру;</p> <p>- өз білімі мен іс-әрекетін сыни тұрғыдан бағалау, жоғары дербестікпен оқуын жалғастыра алу.</p>	<p>Құрылымдалған ортада нақты учаскедегі нәтиже үшін жауапкершілік алу. Дамудың күрделі мәселелері шешу, түрлі әдістерді пайдаланып, жаңа тәсілдер әзірлеу.</p>	<p>- Әлеуметтік, кәсіби және ғылыми проблемаларды бағалау мәселелерінде саналы шешімдер қабылдау.</p>
--	--	---	---

«Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша үшінші циклды оқыту нәтижелерінің мысалдары

ҰБШ әмбебап дескрипторлары (8 деңгей)	ЖБ ҰБШ үшінші циклінің жалпы дескрипторлары	Докторантура біліктілігіне арналған СБШ дескрипторлары	Оқыту нәтижелерінің мысалдары
БІЛІМ <i>Түлек көрсетеді</i>			
Инновациялық-кәсіби қызмет саласындағы әдіснамалық білім	- зерттеу саласында және көпсалалы контексте терең жүйелік білімді, өзекті мәселелер пайымы; - зерттеу және (немесе) инновациялар саласындағы маңызды міндеттерді шешудің әр түрлі әдістемелік және технологиялық тәсілдерін бағдарлауы.	Кәсіби қызмет, сондай-ақ қаржы, маркетинг, халықаралық нарықтар саласындағы білім. Ғылым саласындағы ең озық деңгейдегі білім.	Осы білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін студенттер: - Осы ғылыми салада ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау қағидаттарын біледі; - Компьютерлік ғылым саласында іргелі тұжырымдамаларды және бағдарламалаудың жаңа парадигмаларын түсіндіруге, оларды бағдарламалық жасақтаманы жобалауда және әзірлеуде қолдануға; - Ғылыми мақсаттарды тұжырымдауға, ғылыми зерттеулерді жоспарлауға және нақты қолдану салаларында ірі масштабты есептеу эксперименттерін жүргізуге; - Компьютерлік ғылымдар саласында жаңа және күрделі идеяларды сыни тұрғыдан талдауға, бағалауға және синтездеуге қабілетті болады деп күтілуде.
ДАҒДЫЛАР <i>Түлек қабілетті</i>			
Идеяларды туғызу, инновациялық қызмет нәтижелерін болжау,	- ғылыми өріске ықпал ететін және оның шекарасын кеңейтетін өзіндік зерттеулер жүргізу;	Кәсіпорын қызметінің стратегиясын, өзгерістерді әзірлеу дағдыларын көрсету,	Ресурстарды қажет ететін шешімдер үшін үлкен деректерді өңдеу әдістерін және интеллектуалдық талдауды қолдану.

<p>кәсіби және әлеуметтік салада кең ауқымды өзгерістер жасау, күрделі өндірістік және ғылыми процестерді басқару</p>	<p>- мәселенің өзектілігін дәлелдеу, оның зерттеуін ғылыми тұтастықпен құру; - докторлық зерттеудің негізделген және анық нәтижелері түрінде жаңа білімді қалыптастыру; - жаңа және ең жаңа идеяларды, зерттеу тәсілдерін, уақыт синтезгеуріндерін синтездеу негізінде салалық және пәнаралық зерттеулердің инновациялық бағдарламаларын әзірлеу.</p>	<p>ұзақмерзімді және көп еңбек жұмсалатын міндеттерді орындай білу, әртексті ақпаратты талдай білу, ынтаны жоғалтпай және сапаға нұқсан келтірмей тәуекелдерді өлшеу. Жаңа білім мен шешімдерді алуға жетелейтін жобаларды зерттей, әзірлей, іске асыра және бейімдей білу. Кәсіби қызметтегі ғылымның ең озық шегіндегі жаңа күрделі идеяларды сыни тұрғыдан талдау, бағалау және синтездеу үшін арнайы білімді қолдану.</p>	<p>Инженерлік міндеттер үшін есептеу алгоритмдерін әзірлеу және оларды жоғары өнімділікті жүйелерде іске асыру. Алгоритмдердің есептеу күрделілігі мен тұрақтылығы мәселелерін зерттеу. Компьютерлік жүйелердің сенімділігі мен бұзылуға тұрақтылығын талдау және бағалау. Күрделі эксперименталдық деректерді салыстыру, талдау мен түсіндіру және қорытынды шығару.</p>
---	---	---	---

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің растауы

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, НҰР-СҰЛТАН қаласы, «Министрліктер Үйі»
тел.: (7172) 74-24-28 факс: (7172) 74-24-16

010000, город НУР-СҰЛТАН, «Дом Министерств»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

2020 жылғы 19 наурыз № 1-14-4/1127-И

Nur-Sultan, the Republic of Kazakhstan
10 February 2020

Subject: Approval of the Self-certification Report of the HE-NQF

I hereby confirm that the Self-certification report on compatibility of the Kazakhstan National Qualifications Framework for Higher education with the Framework for qualifications of the European Higher Education Area has been made in accordance with the criteria and procedures agreed by the EQF Advisory Group and the Bologna Follow-Up Group and is therefore certified by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Sincerely,

MINISTER

A. AIMAGAMBETOV

Бұл құжаттың нөмірі жарамсыз болып табылады. Жауап қайтаруда міндетті түрде білім, ғылым және ғылым министрлігінің қолы мен қолымен қорғалу керек.
This document number is invalid. Please refer to the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for more information.

000702

Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттіктің мақұлдауы

Білім сапасын қамтамасыздандыру
бойынша тәуелсіз агенттігі



Независимое агентство по обеспечению
качества в образовании

Independent Agency for Quality Assurance in Education

Қазақстан Республикасы, Z05H9M7
Нұр-Сұлтан қ., Достық к., 20, 801 кеңсе
Тел./факс: +7 (7172) 27-38-20

Republic of Kazakhstan, Z05H9M7
Nur-Sultan, Dostyk Street, 20, Office 801
Tel/Fax: +7 (7172) 27-38-20

Республика Казахстан, Z05H9M7
г. Нур-Сұлтан, ул. Достық, 20, офис 801
Тел./факс: +7 (7172) 27-38-20

www.iqaa.kz

info@iqaa.kz

№ _____

« _____ » _____ 20 _____

Register number: 01-0213
Nur-Sultan, the Republic of Kazakstan
10 February 2020

Subject: Approval of the Self-certification Report of the HE-NQF

The Independent Agency for Quality Assurance in Education (IQAA) - is a leading international accreditation agency for the quality assurance of education founded in 2008 – is registered in the European Quality Assurance Register for Higher Education EQAR and is a full member of the European Association for Quality Assurance in Higher Education ENQA (since 2017) confirm that our Agency has been involved in the self-certification process and that **the Self-certification report on compatibility of the Kazakhstan National Qualifications Framework for Higher education with the Framework for qualifications of the European Higher Education Area** has been made with the criteria and procedures agreed by the EQF Advisory Group and the Bologna Follow-Up Group.

Sincerely,

President

Sh. Kalanova

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің мақұлдауы

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ



НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

«10» 02 2020г.
№ 7724-2

010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Б.Момышулы 2, КҚ 4Г, тел.: +7 (7172) 76 85 61
010000, Республика Казахстан, г. Нур-Султан, пр. Б.Момышулы 2, ВП 4Г, тел.: +7 (7172) 76 85 61
010000, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan, B.Momysuly avenue 2, EP 4G, phone.: +7 (7172) 76 85 61

e-mail: iaar@iaar.kz www.iaar.kz

Register number:
Nur-Sultan, the Republic of Kazakstan
10 February 2020

Subject: Approval of the Self-Certification Report of the HE-NQF

The Independent Agency for Accreditation and Rating - is a leading international accreditation agency for the quality assurance of education founded in 2011 – is registered in the European Quality Assurance Register for Higher Education EQAR and is a full member of the European Association for Quality Assurance in Higher Education ENQA (since 2016) confirm that our Agency has been involved in the self-certification process and that the **Self-Certification Report on Compatibility of the Kazakhstan National Qualifications Framework for Higher Education with the Framework for Qualifications of the European Higher Education Area** has been made with the criteria and procedures agreed by the EQF Advisory Group and the Bologna Follow-Up Group.

Sincerely,

General Director

A. Zhumagulova

Халықаралық сарапшы – Латвияның Академиялық ақпараттық орталығының директоры Байба Раминаның қорытындысы

Қазақстанның жоғары білім беруге арналған Ұлттық біліктілік шеңберінің Еуропалық жоғары білім кеңістігінің Біліктілік шеңберінің талаптарына сәйкестігіне өзін-өзі сертификаттау туралы есебі.

Қазақстанның жоғары білім беруге арналған Ұлттық біліктілік шеңберінің Еуропалық жоғары білім кеңістігінің Біліктілік шеңберінің талаптарына сәйкестігіне өзін-өзі сертификаттау туралы есебі ұзақ процестің нәтижесі болып табылады және біліктілік шеңберлерінің дамуы мен өткізіліп жатқан реформаларды, сондай-ақ Еуропалық жоғары білім кеңістігінің (ЕНЕА) Біліктілік шеңбері (QF) контекстінде олардың нәтижелерін айқын сипаттайды.

Бұл сараптамалық шолу Қазақстанның жоғары білім беруге арналған Ұлттық біліктілік шеңберінің Еуропалық жоғары білім кеңістігінің Біліктілік шеңберінің талаптарына сәйкестігіне өзін-өзі сертификаттау туралы есебінің Жоғары білім беруге арналған біліктілік шеңберін жасау және енгізуге қатысты қазақстандық ұлттық билік органдары іске асыратын процестердің анықтығы мен ақиқаттығы үшін қарауға шоғырланған. Осыған байланысты баяндамада халықаралық деңгейде келісілген тиісті өлшемшарттар мен рәсімдер туралы тура айтылады.

Өзін-өзі сертификаттау туралы есеп жақсы құрылымдалған. 1-бөлім шетелдік оқырманға Қазақстанның білім беру жүйесі және Болон біліктілігін жасаумен және енгізумен байланысты прогрес туралы түсінік береді. 2 және 3-бөлімдер біліктіліктің ұлттық құрылымының және ЖОО дескрипторларының даму кезеңдерін көрсетеді, бұл барлық жақында болған әлемдегі жоғары білімді трансформациялау процесінің ортасында орналасқан және іс жүзінде еуропалық жоғары білім кеңістігінде сәйкестік үшін қажет. 4-бөлімде QF ЕНЕА өлшемшарттарына және онымен келісу рәсімдеріне сәйкестік баяндалады.

Глоссарий мен маңызды терминдердің анықтамаларын қосу ұлттық білім беру жүйесінде пайдаланылатын терминологияны жақсырақ түсінуге көмектеседі.

1.4-бөлімінде жоғары білім саласында біліктілікті беруге сенімді нығайту үшін маңызы бар сапаны қамтамасыздандыру саласындағы өзгерістер қарастырылады. Баяндамада жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыздандыру және аккредиттеу процестеріндегі өзгерістер және олардың Еуропалық Жоғары Білім Кеңістігіндегі (ESG) Сапаны Қамтамасыздандырудың Стандарттары мен басшылыққа алынатын қағидаттарына сәйкестігі, сондай-ақ Еуропалық Жоғары Білім Сапасының Кепілдігі Қауымдастығына (ENQA) және Еуропалық Жоғары Білім Сапасын Қамтамасыздандырудың Тізіліміне (EQAR) қатысуы нақты көрсетілген.

4-6-қосымшалардағы деңгейлер дескрипторлары мен оқыту нәтижелерін қосу жақсы тәсіл болып табылады. 2-қосымшада өлшеулер мен деңгейлер бойынша деңгейлердің сипаттамаларын салыстыру жүргізіледі.

Өзін-өзі сертификаттау туралы есеп Еуропалық Жоғары Білім Кеңістігінің (ЕНЕА) Біліктілік Шеңберінің (QF) өлшемшарттарына сәйкестікті көрсетеді (егжей-тегжейлі бағалауды төмендегі кестеден қараңыз) және өзін-өзі сертификаттау процесінің айқын сипатын береді.

ҚР өлшемшарттарының ЕЖБК өлшемшарттарына сәйкестігін бағалау.

Өлшемшарттар	Бағалау	Пікір
1. Жоғары білім біліктіліктерінің ұлттық шеңбері мен оларды дамытуға жауапты органдарды	Орындалуда	

жоғары білімге жауапты ұлттық министрліктер тағайындайды.		
2. Ұлттық шеңберлердегі біліктіліктер мен еуропалық шеңберлердегі цикл біліктіліктерінің дескрипторлары арасында нақты және айқын байланыс бар.	Орындалуда	
3. Ұлттық шеңберлер мен олардың біліктіліктері оқыту нәтижелеріне негізделетіні, ал біліктіліктер кредиттермен, ECTS-пен (Еуропалық баллдарды аудару және жинау жүйесі) немесе ECTS-пен үйлесімді кредиттермен байланысы анық.	Орындалуда	ECTS = 1 қазақстандық кредиттік балл
4. Ұлттық шеңберге біліктілікті енгізу рәсімдерін түсіну оңай.	Орындалуда	
5. Жоғары білім сапасын қамтамасыздандырудың ұлттық жүйесі ұлттық біліктілік шеңберіне жатады және Берлин коммюникесіне және Болон процесі аясында министрлермен келісілген кез-келген келесі коммюникелерге де сәйкес келеді.	Орындалуда	Жоғары білім саласындағы сапа бойынша қазақстандық агенттіктердің ENQA мен EQAR-дағы мүшелігімен құжаттандырылған елеулі прогресс (1.4).
6. Ұлттық шеңбер және олардың еуропалық шеңбермен кез-келген келісуі барлық дипломдарға қосымшаларда көрсетілген.	Орындалуда	
7. Ұлттық жүйенің ұлттық қатысушыларының міндеттері нақты айқындалады және жарияланады.	Орындалуда	Құжаттандырылған.

Өзін-өзі сертификаттауға ұсынылған ҚР рәсімдерінің ЕЖБК рәсімдерімен үйлесімділігін бағалау

Рәсімдер	Бағалау	Пікір
1. Құзыретті ұлттық орган/органдар ұлттық құрылымның еуропалық құрылыммен үйлесімділігіне өзін-өзі сертификаттауы керек.	Орындалуда	Құжаттандырылған.
2. Өзін-өзі сертификаттау процесі елдегі Болон процесі аясында танылған сапаны қамтамасыз ету органдарының мәлімделген келісімін қамтуы керек.	Орындалуда	Сапа кепілдігінің елеулі жақсаруы құжат түрінде расталған. Осы құжатқа Жоғары білім саласындағы сапаны бақылау жөніндегі агенттіктің есебі қоса берілген.

3. Өзін-өзі сертификаттау процесіне халықаралық сарапшылар қатысуы керек.	Орындалуда	Баяндамаға халықаралық сарапшылардың ұжымдық шолулары қосылуы керек.
4. Өзін-өзі сертификаттау және оны растайтын дәлелдер жарияланып, әр көрсетілген өлшемшарттар бойынша бөлек қарастырылады.	Орындалуда	
5. ENIC және NARIC желілері өзін-өзі сертификаттау процесін аяқтағанын растаған мемлекеттердің жария тізімін жүргізуі керек.	Жоспарланған	Жаңартылады
6. Өзін-өзі сертификаттау процесінің аяқтау ұлттық шеңбер мен еуропалық шеңбер арасындағы байланысты көрсететін, кейіннен берілген Дипломға қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылуы керек.	Жоспарланған	Жаңартылады

Есепте сапаның барлық өлшемшарттарына жеткілікті жауаптар берілген, ал сыртқы көзқарастан қарасақ, барлық өлшемшарттар орындалған. Өзін-өзі сертификаттау мақсатында жұмыс ұлттық консультациялардың жоғары деңгейінде және жоғары саяси қолдаумен өткізілген.

Қазақстандағы әріптестерімді күш салып, атқарған жұмысының өте жақсы нәтижелерімен құттықтаймын.



Baiba Ramina

**Халықаралық сарапшы – Арменияның Сапаны қамтамасыз ету
орталығының PhD басшысы Вараздат Ованнисянның**

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қазақстанның жоғары білім беруге арналған Ұлттық біліктілік шеңберінің Еуропалық жоғары білім кеңістігінің Біліктілік шеңберінің талаптарына сәйкестігіне өзін-өзі сертификаттау туралы есебі.

Қазақстандық Жоғары білім Ұлттық біліктілік шеңберінің (ЖБ ҰБШ) Еуропалық жоғары білім кеңістігі Біліктілік шеңберінің (ЕЖБК БШ) талаптарымен үйлесімділігі туралы баяндама Қазақстандық Жоғары білім Ұлттық біліктілік шеңберіне (ЖБ ҰБШ) қатысты өзін-өзі сертификаттау тобының қорытындыларын қамтиды.

ЖБ ҰБШ-ның ЕЖБК БШ-мен үйлесімділігіне өзін-өзі сертификаттау ЖБ ҰБШ-ның ЕЖБК БШ-не сәйкестігін анықтау мақсатында Болон процесінің бөлігі ретінде өткізілді.

Жоғары білім Ұлттық біліктілік шеңберінің аясындағы өзін-өзі сертификаттау Білім министрлігі құрған (28.03.2013 жылғы № 111 Бұйрық, 17.04.2019 жылғы № 152 Бұйрық) Өзін-өзі сертификаттау жөніндегі екі департаментаралық жұмыс тобы жұмысының нәтижесі болып табылады. Жұмыс тобының құрамына Білім және ғылым министрлігінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, салалық қауымдастықтар мен жоғары оқу орындарының өкілдері кірді.

Есеп Глоссарийден, Аңдатпадан, Кіріспеден, төрт бөлім мен қосымшалардан тұрады. 1-бөлімде қазақстандық жоғары білім жүйесі сипатталады. 2 және 3-бөлімдерде ҰБШ дескрипторларын әзірлеу кезеңдері мен жоғары білім дескрипторларының үйлесімділігі туралы ақпарат берілген. 4-бөлімде жоғары білімге арналған ҰБШ-ін талдау берілген және оның ЕЖБК БШ-нің өзін-өзі сертификаттау өлшемшарттары мен рәсімдеріне сәйкестігі атап өтілген.

Өзін-өзі сертификаттау туралы есептің осы шолуы Қазақстандық ЖБ ҰБШ-нің 2005 жылы Бергенде өткен Болон кездесуінде ұсынылып, 2007 жылы Лондонда өткен келесі Болон кездесуінде жоғары білім министрлері мақұлдаған Біліктілік шеңбері жөніндегі Болон жұмыс тобы әзірлеген ЕЖБК БШ қағидаттары мен өлшемшарттарына сәйкестігінің шолуы болып табылады. Өлшемшарттар ҰБШ мен Болон шеңберінің арасындағы сәйкестікті бағалаудың жеті өлшемшартын, сондай-ақ өзін-өзі сертификаттау процесінің алты өлшемшартын қамтиды.

Дәйектілік өлшемшарттары:

Өлшемшарт	Бағалау	Пікір
1. Жоғары білім беруге арналған ұлттық біліктілік шеңбері мен оларды дамытуға жауапты органдарды жоғары білімге жауапты ұлттық министрлік тағайындайды.	Орындалуда	
2. Ұлттық шеңберлердегі біліктіліктер мен еуропалық шеңберлердегі цикл біліктіліктерінің дескрипторлары арасында нақты және айқын байланыс бар.	Орындалуда	
3. Ұлттық шеңберлер мен олардың біліктіліктері оқыту нәтижелеріне негізделетіні, ал біліктіліктер кредиттермен, ECTS-пен (Еуропалық баллдарды аудару және жинау жүйесі) немесе ECTS-пен үйлесімді кредиттермен байланысы анық.	Орындалуда	ECTS = 1 қазақстандық кредиттік балл
4. Ұлттық шеңберге біліктілікті енгізу рәсімдерін түсіну оңай.	Орындалуда	
5. Жоғары білім сапасын қамтамасыздандырудың ұлттық жүйесі ұлттық біліктілік шеңберіне жатады және Берлин коммюникесіне және Болон процесі аясында министрлермен келісілген кез-келген келесі коммюникелерге де сәйкес келеді.	Орындалуда	Жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыздандыру жөніндегі қазақстандық агенттіктердің ENQA мен EQAR-ға қатысуы.
6. Ұлттық шеңбер және олардың еуропалық шеңбермен кез-келген келісуі барлық дипломдарға қосымшаларда көрсетілген	Орындалуда	
7. Ұлттық жүйенің ұлттық қатысушыларының міндеттері нақты айқындалады және жарияланады.	Орындалуда	

Верификация өлшемшарттарының мақсаты толық сәйкестікті қамтамасыз ету емес, ҰБШ мен Болон шеңбері циклдары дескрипторларының үйлесімділігі мен келісімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Рәсімдерді бағалау:

Рәсімдер	Бағалау	Пікір
1. Құзыретті ұлттық орган/органдар ұлттық құрылымның еуропалық құрылыммен үйлесімділігіне өзін-өзі сертификаттауы керек.	Орындалуда	

2. Өзін-өзі сертификаттау процесі елдегі Болон процесі аясында танылған сапаны қамтамасыз ету органдарының мәлімделген келісімін қамтуы керек.	Орындалуда	Жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыздандыру жөніндегі агенттіктер қоса берілген.
3. Өзін-өзі сертификаттау процесіне халықаралық сарапшылар қатысуы керек.	Орындалуда	Халықаралық сарапшылардың қорытындылары есепке қосылуы керек.
4. Өзін-өзі сертификаттау және оны растайтын дәлелдер жарияланып, әр көрсетілген өлшемшарттар бойынша бөлек қарастырылады.	Орындалуда	
5. ENIC және NARIC желілері өзін-өзі сертификаттау процесін аяқтағанын растаған мемлекеттердің жария тізімін жүргізуі керек.	Жоспарланған	Жаңартылады
6. Өзін-өзі сертификаттау процесінің аяқтау ұлттық шеңбер мен еуропалық шеңбер арасындағы байланысты көрсететін, кейіннен берілген Дипломға қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылуы керек.	Жоспарланған	Жаңартылады

Рәсімдерді бағалау өлшемшартының мақсаты құзыретті билік органдарының сарапшылармен ынтымақтастықта өзін-өзі сертификаттау процесін іске асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ акционерлер, біз сияқты студенттер, жұмыс берушілер, кәсіби одақтар, жоғары оқу орындары, ENIC-NARIC желілері мен Болон процесінің серіктестері үшін өзін-өзі сертификаттау процесінің нәтижелерін көпшілікке қолжетімді етуді қамтамасыздандыру болып табылады.

Осылайша, өзін-өзі сертификаттау туралы есеп ЕЖБК БШ өлшемшарттарына сәйкестікті және Қазақстандық жоғары білім беру жүйесінің өзін-өзі сертификаттауы процесінің сипатын көрсетеді.



Варздат Ованнисян, PhD
Қызмет көрсету орталығының басшысы,
Инженерлік геодезия кафедрасының қауым.
профессоры, Ереван мемлекеттік сәулет өнері және
құрылыс университеті (NUACA),
e-mail: vhovhannisyan@nuaca.am,
тел.: +37410583773
ұялы тел.: +3749307135

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының № 319-III Заңы (04.07.2018 жылғы жағдай бойынша өзгертулермен және толықтырулармен) https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32372771#pos=1;-189
3. 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі (06.04.2016 жылғы өзгертулермен және толықтырулармен) https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38910832#pos=2;-203
4. Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңбері (2016 ж.) <http://palata.kz/ru/services/16-professional-nye-standarty>
5. Еуропалық жоғары білім кеңістігінің Біліктілік шеңбері <http://www.ehea.info/cid102843/overarching-framework-of-qualifications-of-the-ehea-2009.html>
6. Салалық біліктілік шеңберін әзірлеу және безендіру ойынша әдістемелік ұсынымдар, 2016 ж. <http://palata.kz/ru/services/16-professional-nye-standarty>
7. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты <http://egov.kz/cms/ru/law/list/P1200001080>
8. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты <http://egov.kz/cms/ru/law/list/P1200001080>
9. Білім берудің халықаралық стандартты жіктемесі (БХСЖ) <http://www.uis.unesco.org/Education/Documents/isced-2011-ru.pdf>